



**SAMRUK**  
KAZYNA

**БОЛАШАҚТЫ БҮГІННЕН БАСТАП  
ҚҰРАЙМЫЗ: ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА  
АРНАЛҒАН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ**

2022 ЖЫЛҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕСЕП



# МАЗМҰНЫ



Есеп туралы .....	3
Директорлар кеңесі мүшесінің үндеуі .....	4
Басқарма Төрағасының сұхбаты .....	6
Құндылық жасау .....	9
2022 жылғы тұрақты даму саласындағы негізгі көрсеткіштер .....	10
2022 жылғы тұрақты даму саласындағы негізгі оқиғалар .....	11

Қор туралы .....	12
Миссия .....	12
Тұрақты дамудың қағидаттары мен мақсаттары .....	13
Адам құқықтарын құрметтеу және этикалық мінез-құлық .....	14
Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік .....	14
Ашықтық, айқындық және есеп беру .....	15
Мүдделер қақтығысының алдын алу .....	16
Серіктестік және қауымдастық мүшелігі .....	17



## ЖАҢАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ БІЗДІҢ ЖАУАБЫМЫЗ ..... 18

Неміртенсіздендіру .....	19
Өсуді тежейтін факторлар .....	20
Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктер .....	20



## СТРАТЕГИЯ ИНВЕСТИЦИЯЛАРҒА АЙНАЛАДЫ ..... 24

Жаңа өнімді қайта өңдеу және жұмыс орындарын құру .....	28
Өңірлердің тұрақты дамуын қамтамасыз ете отырып .....	37




## БІЗДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫМЫЗ ..... 43

Корпоративтік басқару .....	45
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау .....	49
Комплаенс қызметі және Омбудсмен институты .....	50



## БІЗДІҢ АДАМДАР ..... 52

Персоналдың құрылымы .....	53
Барлығына теңдік .....	54
Біздің адамдарға қамқорлық .....	55
Персоналды дамытуға инвестициялар .....	56
Корпоративтік мәдениет .....	57
Жастар саясаты .....	58
Әлеуметтік-еңбек қатынастары .....	59
Жұмыс орнындағы қауіпсіздік .....	60
Денсаулық сақтау .....	64



## ҚОРШАҒАН ОРТА ..... 66

Парниктік газдардың шығарындылары .....	67
Атмосфералық ауаның сапасы .....	69
Энергияны тиімділігін басқару .....	71
Биоалуантүрлілікті сақтау .....	73
Су ресурстарын басқару .....	78
Экологиялық талаптарды сақтау .....	81

## ҚОСЫМШАЛАР ..... 82

Есепті дайындау әдістемесі .....	83
Тәуелсіз растау .....	86
1-қосымша. БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын ұстануы .....	92
2-қосымша. Есеп беру шегі .....	97
3-қосымша. Gri Content Index мазмұн көрсеткіші .....	101
4-қосымша. Біздің мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсіліміз .....	107
5-қосымша. Өз қызметімізді жүзеге асыратын аумақтарда анықталған түрлер және олардың табиғатты қорғау мәртебесі .....	113
6-қосымша. Байланыс ақпараты .....	117
7-қосымша. Кері байланыс сауалнамасы .....	118
8-қосымша. Глоссарий .....	119
9-қосымша. ESG Data .....	122



Тұрақты даму туралы есеп «Самурық-Қазына» АҚ электронды форматта ресми, орыс және ағылшын тілдерінде компанияның веб-сайтында қолжетімді.

# ЕСЕП ТУРАЛЫ

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның Тұрақты даму саласындағы 2022 жылғы [GRI 2-1](#) есеп (бұдан әрі – Есеп) 2021 жылғы есептілік жөніндегі жаһандық бастаманың (Global Reporting Initiative Sustainability Reporting Standards – GRI) тұрақты даму саласындағы есептілікті дайындау жөніндегі халықаралық стандарттарға сәйкес дайындалды.

Біз Тұрақты даму туралы есептерді 2016 жылдан бастап жыл сайын жариялап келеміз. [GRI 2-3](#) Есеп мүдделі тараптардың кең ауқымын, соның ішінде біздің жұмыснерлерді, Жалғыз акционер мен инвесторларды, серіктестер мен клиенттерді, біз өзіміздің өндірістік қызметімізді жүзеге асыратын өңірлердегі халықты, жұртшылықты тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді құнды құру жөніндегі біздің қызметіміздің нәтижелері туралы, елдің экономикалық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік дамуына, сондай-ақ климат пен қоршаған ортаны қорғауға қосқан үлесіміз туралы хабардар етуге арналған.

Есепте «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қор») және оның портфельдік компаниялары туралы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі шоғырландырылған ақпарат ұсынылған. [GRI 2-3](#)

Есептің шекаралары туралы ақпарат 2-қосымшада берілген. [GRI 2-2](#)

Осы Есепті дайындау кезінде ХҰЕС-тің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған Қордың басқарушылық және аудит жүргізілген қаржылық есептілігі пайдаланылды. [GRI 2-2](#)

Ашық және айқын ақпарат беруге деген ұмтылысымыздың дәлелі ретінде біз есеп беру қағидаттары мен халықаралық стандарттарды қатаң сақтау арқылы есеп беру тәжірибемізді жақсарттық.

Есептің бүкіл барысында есептілік тәжірибесін байытуға және оның ашықтығын арттыруға бағытталған маңызды тақырыптар мен пайдаланылатын есептілік стандарттары арасындағы байланысты көрсететін маркерлер келтіріледі.

Бұл жетілдіру бізге инвесторлар мен барлық мүдделі тараптар үшін салыстырмалы және пайдалы ESG ақпаратын беруге көмектеседі.

Осы есепті Қор жұмыснерлері дайындады, бұл ретте деректер мен ақпаратты жинау процесіне тартылған Қор тобының бейінді сарапшыларымен консультациялар жүргізілді. Сонымен қатар Есеп ISAE 3000 стандартына сәйкес «НПМГ Такс энд Эдвайзори» компаниясының тәуелсіз сыртқы растау үдерісінен өтті. [GRI 2-5](#)

Қордың Тұрақты дамуы саласындағы есепті Директорлар кеңесі бекітеді және корпоративтік сайтта жариялау арқылы мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі. [GRI 2-14](#)

Осы Есеп 2023 жылғы 20 маусымдағы шығарылымға бекітілді. [GRI 2-3](#)



## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕСІНІҢ ҮНДЕУІ



### Құрметті оқырмандар,

Для Сіздердің назарларыңызға «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2022 жылғы Тұрақты даму саласындағы есебін ұсыну және ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді құнды құру жөніндегі өз миссиясын орындауда Қордың қол жеткізген елеулі жетістіктері мен прогресімен бөлісу мен үшін үлкен мәртебе.

Жыл артқан сайын әлемнің 30 ірі қорының қатарына кіретін «Самұрық-Қазына» АҚ мұнай-газ, көлік-логистика, энергетика, химия және атом салаларындағы 64 миллиард доллар активтерін біріктіріп, тиімді басқара отырып, Қазақстан Республикасының экономикасына елеулі үлес қосып келеді. [GRI 2-6](#)

Өткен жыл бізге, әлемдегі көптеген ұйымдар сияқты, әлемдегі жалпы геосаяси шиеленістерден, қаржы нарықтарының тұрақсыздығынан туындаған бірқатар сын-қатерлер мен қиындықтармен бетпе-бет келтірді, бұл пайыздық мөлшерлемелердің күрт өсуіне, қаржыландырудың шектелуіне, жобаларға қойылатын талаптардың қатаюына себеп болды. Алайда өзгеріп жатқан экономикалық ландшафт пен логистикалық тізбектегі өзгерістер аясында біздің алдымызда жаңа мүмкіндіктер де ашылды. Біз мұны еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдайтын стратегиялық жобаларды қоса алғанда, бірінші кезекте Қазақстан экономикасына инвестицияларымызды шоғырландыра отырып, жаңартылған 10 жылдық Даму жоспарымызда көрсеттік.

Біздің инвестициялар портфелін өртаптапандыруға деген ұмтылысымыз және жоғары экспорттық өлеуеті бар инновациялық жобаларды қолдау біздің одан әрі табысымыздың кепілі болады деп санаймыз.

ESG қағидаттарын енгізу – Қор тобының негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі. **GRI 2-22** Біз корпоративтік басқару, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік, өндірістік қауіпсіздік саласындағы озық тәжірибелерді одан әрі жетілдіруге және енгізуге, қоғам алдындағы ашықтығымыз бен транспаренттілігімізді үнемі арттыруға ниеттіміз.

Мәселен, 2022 жылы Қоғамдық кеңестің 13 отырысы өткізілді, оған 230 сарапшы қатысты, барлық отырыстар БАҒ-та жарияланды, әр отырыстан кейін баяндамашылар сұхбат береді. Қоғамдық бақылау аясында «Самұрық-Қазына» АҚ және ұлттық компаниялардың («ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰН» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, Samruk-Kazyna Trust КҚ, «Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығы» ЖМ) жұмысы тыңдалды. Қоғамдық кеңес қаралып отырған мәселелер бойынша 118 ұсыныс жіберді, атап айтқанда, активтерді жекешелендіру және қайта құрылымдау, басым инвестициялық жобалар, қайырымдылық, әлеуметтік тұрақтылық индекстері, ұлттық компаниялардың қоғамдық бақылауы және т. б. Қоғаммен өзара іс-қимылдың тағы бір жаңа түрі – азаматтармен ашық кездесулер. Қыркүйек айында Қор өкілдері мен сарапшылар IPO науқаны аясында

бүкіл Қазақстанды аралап, «ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ компаниясының акцияларын орналастыру туралы қалалар мен ауылдардың тұрғындарымен 200-ден астам кездесу өткізді. Бұл кездесулерге ондаған мың (153 мыңнан астам) адам қатысты.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жылы деп жарияланған 2022 жылы Директорлар кеңесінің назарында біздің жұмыскерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігін бақылау басты назарда болды. Бес бетпе-бет отырыста Директорлар кеңесі өндірістік қауіпсіздік жөніндегі есептерді тыңдады. Сонымен қатар климаттың өзгеруі, көміртегі әсерін азайту және энергия тиімділігін арттыру мәселелері корпоративтік басқарудың ажырамас бөлігі болды. Директорлар кеңесі төмен көміртекті дамудың бірыңғай негізін біздің ұзақ мерзімді дамуымыздың ажырамас бөлігі ретінде айқындайтын және көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу үшін Қордың стратегиялық құжаты болып табылатын төмен көміртекті бизнес-модельге көшу жоспарын қоса алғанда, Төмен көміртекті даму тұжырымдамасын бекітті. **GRI 2-6**

Біз алғаш рет 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу перспективасымен 2021 жылғы базалық 10 жыл ішінде көміртегі әсерін 10% азайту бойынша сандық міндеттемелерді белгіледік. Көміртегі әсерін азайту мақсаттары парниктік газдар шығарындыларын азайту тұрғысынан маңызды Қордың портфельдік компаниялары үшін де белгіленген.

Мүдделі тараптардың біздің ESG-нәрсеткіштерімізге деген қызығушылығының артуын ескере отырып, біз жыл сайын тұрақты даму туралы есептілікті тәуелсіз тексеру жүргізілетін болады деген шешім қабылдадық. Сонымен қатар Қор мен ірі портфельдік компаниялар тәуелсіз жетекші халықаралық рейтингтік агенттіктердің бағалауынан өтіп, ESG рейтингтерін алады. Бұл біздің мүдделі тараптарымызға ESG саласындағы прогресті бақылауға, қаржылық емес есептіліктегі деректердің ашықтығы мен сенімділігін жақсартуға мүмкіндік береді.

Біздің 2022 жылғы тұрақты даму туралы есебіміздің тақырыбы біздің стратегиялық басымдықтарымызды және жауапты және тұрақты инвестициялауды, активтерді тиімді басқаруды, елдің одан әрі дамуына жәрдемдесетін энергетикалық ресурстарды тұрақты және сенімді жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған күш-жігерімізді көрсетеді.

*Құрметпен,*

**БОЛАТ БИДАХМЕТҰЛЫ  
ЖӘМІШЕВ**

*Директорлар кеңесінің мүшесі,  
«Самұрық-Қазына» АҚ тәуелсіз директоры*

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ СҰХБАТЫ



## – Бүгінгі таңда Қор Тобы үшін тұрақты даму нені білдіреді?

Ағымдағы жаһандық трендтер тұрақты даму мәселелерінің маңыздылығын тағы да атап көрсетеді. Ал отын-энергетика саласы – ең елеулі өзгерістерге ұшырайтын салалардың бірі.

E, S және G – бұл біздің операциялық нәтижелерімізге және акционерлеріміз үшін жасалған құнға тікелей әсер ететін үш тірек. Біз үшін ESG қағидаттарын енгізу ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуді, сонымен бірге жұмыскерлеріміздің денсаулығы мен әл-ауқатын, қызметіміздің өңірлерінде экологиялық тепе-теңдікті сақтауды, сондай-ақ озық бизнес-тәжірибелер мен корпоративтік басқару қағидаттарын (ESG қағидаттары) ұстануды білдіреді. Бұл біз үшін жаңалық емес. ESG-ге ұмтылу біздің стратегиямыздың іргелі негізі. [GRI2-22](#)

## – 2022 жылы тұрақты даму саласында неге қол жеткізілді?

2016 жылдан бастап біз өз қызметіміздің ашықтығын қамтамасыз етеміз және жыл сайын біздің мүдделі тараптарымызды қызықтыратын түрлі тақырыптар бойынша ақпаратты ашатын тұрақты даму саласындағы жекелеген есептерді жариялап келеміз.

Біз энергия тиімділігі және энергетикалық және су ресурстарын тиімді пайдалану саласындағы шараларды табысты іске асыруды жалғастырамыз. Өнімнің энергия сыйымдылығын 27%-ға төмендетуге мүмкіндік берген алдыңғы 6 жылдық энергия үнемдеу бағдарламасын іске асыруды жалғастыра отырып, биыл біз жаңа 5 жылдық бағдарламамызды және оны іске асыру жоспарын бекіттік.

Қордың портфельдік компаниялары қолжетімді ең жақсы техниканы енгізеді, қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін сүзгілерді және шығарындыларды бақылаудың автоматты жүйелерін орнатады. Жылу электр станцияларын электр сүзгілерімен және эмульгаторлармен жабдықтау 10 жыл ішінде күл шығарындыларының 4 есе төмендеуіне әкелді.

Көміртексіздендіру бойынша мақсатымызға сүйене отырып, біз электр энергиясын өндіру құрылымындағы жаңартылатын көздердің үлесін арттыруды жалғастырамыз.

Мәселен, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ биыл 8,5 млн кВт\*сағ көлемінде I-REC (International Renewable Energy Certificate) халықаралық жаңартылатын энергия сертификаттарын сатып алып<sup>1</sup>, Қазақстанда таза электр энергиясын өндіруді қаржыландырды. Халықаралық тәжірибеге сәйкес I-REC сертификаттары (GHGP, CDP, RE100, ISO және т.б.) Scope 2 шеңберінде электр энергиясын пайдалануға байланысты ПГ шығарындыларын төмендету туралы мәлімдеуге мүмкіндік береді.

Қордың ұйымдық құрылымын оңтайландыруға қарамастан, біз Қордың ESG бағытындағы қызметін үйлестіру үшін жеке бөлімше бөлдік. Басқарма деңгейінде портфельдік компаниялардың басшыларының қатысуымен Тұрақты даму жөніндегі комитет құрылды, оның мақсаты – тұрақты даму саласындағы қызметтің тиімділігі мен үйлестірілуін арттыру. Сонымен қатар Басқарма жанынан 2019 жылдан бастап еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны

қорғау комитеті жұмыс істейді, ол еңбекті қорғау және денсаулық саласындағы іс-шаралардың орындалу барысын үйлестіреді және бақылайды.

Биыл Қор нөлдік жарақатқа қол жеткізуге бағытталған «Vision Zero» әлемдік тұжырымдамасының қатысушысы болды. Жалғасып жатқан COVID-19 пандемиясын ескере отырып, қиын жағдайларға қарамастан, біз табысты жұмыс істеп, алға қойған мақсаттарға қол жеткіздік. 2022 жылы жарақат алу деңгейі 16%-ға – 2021 жылмен салыстырғанда 133-тен 111-ге дейін төмендеді.

Сонымен қатар біз білім беру, денсаулық сақтау және басқа да қажетті қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ететін жобаларды қолдаймыз. Біз сондай-ақ гендерлік теңдікті ілгерілету және Қор тобының басшылығына әйелдердің қатысу үлесін арттыру бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Біз Қордың барлық компаниялар тобындағы басқармалардағы, Директорлар кеңестеріндегі және байқау кеңестеріндегі әйелдердің үлесін 2023 жылдың соңына қарай 20%-ға дейін және 2030 жылға қарай 30%-ға дейін арттыруды мақсат етіп қойдық.

### **– Қордың төмен көміртекті дамуының негізгі бағыттарын атап өтсеңіз? Қазақстандық энергожүйеде қандай өзгерістер күтіледі?**

Қордың төмен көміртекті дамуының негізгі бағыттары – баламалы энергетика, ресурстық және энергия тиімділігін арттыру, инфрақұрылымды жақсарту, сондай-ақ көміртегі әсері мен бизнес-процестерді тиімді басқару саласындағы іс-шаралар.

2032 жылға дейінгі жоспарларда бірқатар инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, үздік тәжірибелер мен озық технологиялық шешімдерді енгізу, мысалы: Алматы энергокешенін газдандырғаннан кейін, жаңартылатын

энергия көздері мен гидроэлектростанцияларды 30%-ға дейін генерациялауды дамыту, сатып алынатын электр энергиясындағы ЖЭН үлесін 45%-ға дейін ұлғайту, энергия тиімділігі жөніндегі шараларды іске асыру, теміржол тасымалы мен автокөлікті электрлендіру, шығынды және кемуді азайту, метан шығарындыларын азайту, офсеттік жобаларды іске асыру және т. б.

### **– Қор төмен көміртекті даму жолында қандай сын-тегеуріндер мен мүмкіндіктерді көріп отыр?**

Қазақстан электр энергиясы мен қуатқа деген өсіп келе жатқан қажеттілікке тап болады, бұл электр станцияларында генерациялайтын жабдықтың жүйелі авариялық тоқтауына және Қазақстан БЭЖ-нің Ресей БЭЖ-мен шекарасындағы қуаттың сальдо-ағынының ауытқуының ұлғаюына әкеледі. Биыл электр энергиясын тұтыну және желіге жүктеме 2021 жылғы көрсеткіштерден 6,5%-ға асып түсті, ал энергия жүйесіне ең жоғары жүктеме Алматыда 1 696 МВт-та тіркелді. Ұзақ мерзімді перспективада жаңа өндіруші қуаттарды салу талап етіледі, алайда саланы дамытудағы тосқауыл коммуналдық қызметтерге бағаны ұстап тұру жөніндегі мемлекеттік саясат болып табылады, бұл негізгі қорлардың тозуы мен жабдықтардың авариялар санының ұлғаюына әкеледі. Осыған байланысты электр энергетикасы саласының тартымдылығы төмен. Саланы дамыту үшін озық қарқынмен жаңа өндіруші қуаттарды салу және негізгі қорларды жаңарту қажет, алайда бұл коммуналдық қызметтердің бағасын тежеу жағдайында қиын болуы мүмкін. Бағаны ұстап тұру мен электр энергетикасы саласының тұрақты дамуын қамтамасыз ету арасындағы теңгерімді табу қажет.

Биыл біз ел бойынша жылыту маусымын өткізудің қиындығын байқадық, сондықтан Қор компаниялары тобына кіретін Қазақстанның ірі энергетикалық объектілері біздің назарымызда болды.

<sup>1</sup> I-REC сертификаттары жаңартылатын электр энергиясын өндіру фактісін растайды. Олар дүниежүзінің 51 елінде саудаланады, халықаралық стандарттар бойынша шығарылады және әлемдік ұйымдар мойындайды.

Осы проблемаларға қарамастан, мен болашаққа оптимистік көзқараспен қараймын және ұйымымыздың және жалпы Қазақстан экономикасының күші мен тұрақтылығына сенімдімін. Дұрыс инвестициялау, серіктестік және көшбасшылық арқылы Қор экономикалық өсуді ынталандыруда және барлығына мүмкіндіктер жасауда маңызды рөл атқаратынына сенемін.

### – Өткен 2022 жылдың Қор үшін ерекшелігі неде?

2022 жыл жүйелі реформалар жылы болды. Қор көптеген сын-тегеуріндер мен қиындықтарға тап болды. Мұндай жағдайда Қор жобаларды іске асыру шарттары мен кестелерін түзетуге, қаржыландырудың баламалы көздерін іздеуге, сондай-ақ өндірістік объектілерде әлеуметтік тұрақтылықты сақтау және өндіру, тасымалдау және қайта өңдеу объектілерінде өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін операциялық қызметте бизнес-процестерді қайта құруды жүргізуге мәжбүр болды. Уақтылы қабылданған шаралардың арқасында Қор байланысты тәуекелдерді жеңілдете алды. Биыл Қорда біздің жұмысымыздың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға бағытталған үлкен өзгерістер орын алды. Ұйымдастырушылық құрылымды оңтайландыру жүргізілді. Сатып алудың жаңа тәртібі қабылданды, өндірістік персоналдың жалақысы көтерілді, Қоғамдың кеңестің рөлі күшейтілді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен 2021–2025 жылдарға арналған жеңелендіру жоспары шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның IPO-сы сәтті өткізілді. Қазақстан қор нарығының тарихында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ акцияларын бастапқы жария орналастыру тек қазақстандық қор биржаларында листинг бар ең ірі жергілікті IPO болып табылады. Осы IPO табысының көпшілігі Қор мен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның оған дайындық бойынша жүргізген ауқымды жұмысы, қаржы секторында цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы болды, бұл жеке тұлғалардың өтінім беруін,

сондай-ақ Қор мен компанияның инвестициялық қоғамдастық алдында ашықтығын айтарлықтай жеңілдетті.

Қордың қаржылық көрсеткіштері бір жыл бұрынғыға қарағанда жақсы қалыптасты. Компания оң бос ақша ағындарын құрды, Қордың жалпы қарызын 9%-ға, 23,4-тен 21,3 миллиард АҚШ долларына дейін төмендетті<sup>2</sup>. 2022 жылдың соңындағы қаржылық тұрақтылық Борышы/EBITDA көрсеткіші де 1,73 деңгейінде оң нәтиже көрсетеді.

Қазақстан Республикасының бюджетіне дивидендтер мен төлемдер сомасы 2,0 трлн теңгені, оның ішінде салық түрінде 1,7 трлн теңгені құрады, бұл республикалық бюджетке жыл сайынғы түсімдердің 10%-ын құрайды. Қор акционерлер алдындағы дивидендтер төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындады, олар Қордың бүкіл тарихындағы ең ірі – 170 млрд теңге болды.

Қор тобының өндірістік көрсеткіштері жақсарды, электр энергиясын өндіру және беру, мұнай мен газды тасымалдау, контейнерлік транзит және телекоммуникация сияқты салалар сенімді өсуді көрсетті.

Бірқатар жаңа нысандар енгізілді. 29 шілдеде Түркістан қаласын сыртқы электрмен жабдықтау схемасын күшейту шеңберінде жаңа электр желілік объект – кернеуі 220 кВТ жаңа «Орталық» қосалқы станциясы іске қосылды, құны 9,9 млрд теңге болатын «KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ-ның бұл жобасы компанияның өз қаражатына орындалды. Оны іске асыру кезінде отандық өндірушілердің жабдықтары мен материалдары басым пайдаланылды.

12 қыркүйекте ЖЭК әлеуетін дамыту үшін бірегей өңірдегі Алматы облысының Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт жел электр станциясы іске қосылды.

2022 жылғы 8 қарашада Қарабатандағы арнайы экономикалық аймақ аумағында Қазақстан экономикасы үшін тұңғыш рет – «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc» ЖШС (КПИ) газ-химия кешені іске қосылды. Өнімнің қуаттылығы жылына 500 мың тоннаны құрайды, бұл оны полипропилен өндірісінің әлемдік нарығындағы ең ірі ойыншылармен бір қатарға қояды.

Біздің алдымызда жаңа ауқымды міндеттер тұр. Үкімет мұнай-газ, энергетика, теміржол және телекоммуникация салаларында 20,4 трлн теңгеден астам сомаға 20 жобадан тұратын Қордың басым жобаларының екінші пакетін мақұлдады.

Тұрақты даму саласындағы жыл сайынғы есептерімізде біз мүдделі тараптарымыз үшін прогресс туралы ақпаратты ұсынатын боламыз.

Қорытындылай келе, біздің жұмыскерлерге, серіктестерге және мүдделі тараптарға олардың қолдауы мен Қордың табысына қосқан үлесі үшін алғысымды білдіргім келеді.

*Құрметпен,*

**НҰРЛАН ҚАРШЫҒАҰЛЫ  
ЖАҚЫПОВ**

*«Самұрық-Қазына» АҚ  
Басқарма Төрағасы*

<sup>2</sup> Номиналды бойынша қарыз



# ҚҰНДЫЛЫҚ ЖАСАУ

GRI 2-1, GRI 2-6

## КӨЛІК-ЛОГИСТИКА СЕКТОРЫ



Пошта және курьерлік қызметтер



Жолаушылар тасымалы



Жүк тасымалы

**138 229** (+0,9%) **1,61** (-6,1%)  
**0,46 ГДж/10** мың т нм.брутто (электровоздар) (-0,2%)

**51%** жалпы т/ж жүк айналымында **15%** жалпы теміржол жолаушылар айналымында

## МҰНАЙ-ГАЗ СЕКТОРЫ



Мұнай мен газды тасымалдау



Мұнай мен газды өндіру



Геологиялық барлау



Мұнай мен газды қайта өңдеу



Мұнай өнімдерін, бензолды және параксилолды өндіру



Мұнай қызметтері

**58 422** (+2,7%) **4,34** (-36%) **83,7** (-0,8%)  
**2,78 ГДж/т** өндірілген HCLU (+14,5%)

**26%** мұнай өндіруде **53%** мұнай тасымалдауда **84%** мұнай өңдеуде

## ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ СЕКТОРЫ



Телекоммуникациялық қызметтердің барлық түрлерін ұсыну

**24 147** (-7,2%) **0,05** (-8,0%) **6 751** теңге ARPU



### ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АКТИВТЕР

**33,6** (+11%)  
трлн теңге

ҚҰРЫЛҒАН ТІКЕЛЕЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН  
**16,7** (+26,6%)  
трлн теңге

МЕМЛЕКЕТКЕ ТӨЛЕМДЕР  
**2** (+51%)  
трлн теңге

Саны, адам Су қабылдағыш, млн м<sup>3</sup> Энергияны нақты тұтыну

Парниктік газдары шығарындыларының қарқындылығы, тонна CO<sub>2</sub>-балама млн теңгеге сату

## ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯ СЕКТОРЫ



Геологиялық барлау



Fe, Mo, W кендерін, полиметалл кендерін, U<sub>3</sub>O<sub>8</sub> өндіру



Кенді қайта өңдеу



Тазалау және конверсия



Сату және тасымалдау



U<sub>3</sub>O<sub>8</sub>, UO<sub>2-x</sub> тұнтағы, отын таблеткалары, Nb<sub>41</sub>, Be<sub>4</sub>, Ta<sub>73</sub>, Au, Ag, Si және кварц өндірісі

**21 305** (+0,9%) **0,01** (-42%)  
**9,2** (-9,2%) **0,25 мың** ГДж/т U (+1,2%)  
 Табиғи уран өндірудің әлемдік нарығының **22%**

## МҰНАЙ-ГАЗ ХИМИЯСЫ ЖӘНЕ ХИМИЯ СЕКТОРЛАРЫ



Полипропилен өндірісі



H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> өндірісі



Гербицидтер өндірісі



Полимер өнімдерін өндіру



ҰИМТ АЭА-ның инфрақұрылымдық объектілері

**565** (-2,2%) **0,32** (+39,9%)  
**14 ГДж/т** химиялық өнім (-37,7%)

## ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫНЫҢ СЕКТОРЫ



Энергетикалық көмір өндіру



Электр энергиясын өндіру



Жылу энергиясын өндіру




Электр энергиясын беру және тарату

**15 399** (-0,6%) **86,53** (-28,6%)  
**211,2** (-0,06%) **9,5** ГДж/мың кВт\*сағ (-2,5%)  
 елде **32%** электр энергиясын өндіру

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР


## ҚОРШАҒАН ОРТА

### КӨМІРТЕГІ ІЗІ, МЛН Т СО<sub>2</sub>-БАЛАМА




\* Парниктік газдар шығарындарының нөлеміндегі елеулі өзгерістер есептеудің әдістемесі мен қамтылуын қайта қарауға байланысты


### СУ ІЗІ, МЛН М³



### ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, ТОННА




### ЖАЛПЫ ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ, МЛН ГДЖ




## ЕҢБЕК ПРАКТИКАСЫ


### ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ОҚИТУ МЕН ДАМУҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР, МЛРД ТЕҢГЕ



### LTIFR КӨРСЕТКІШІ




### ЖЫЛ СОҢЫНДАҒЫ ШТАТТЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМДІК САНЫ




## АЙМАҚТАР МЕН ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ


### ҚҰРЫЛҒАН ТІКЕЛЕЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰНЫ, МЛРД ТЕҢГЕ



### МЕМЛЕКЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМДЕР, МЛРД ТЕҢГЕ



### ОТАНДЫҚ ӨНДІРУШІЛЕРДЕН САТЫП АЛЫНҒАН ТАУАРЛАРДЫҢ, ЖҰМЫСТАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҮЛЕСІ, %



# 2022 ЖЫЛҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

## СӘУІР

- «KEGOC» АҚ-ның 2031 жылға дейінгі Төменгі көміртенді даму бағдарламасын бекіту және 2060 жылға дейінгі көміртенді бейтараптыққа қол жеткізу жөніндегі пайымдау

## МАУСЫМ

- «Эйр Астана» АҚ-ның 2023–2032 жылдарға арналған Төменгі көміртенді даму бағдарламасын бекіту
- «Қазпошта» АҚ Төменгі көміртенді даму бағдарламасын бекіту
- «Самұрық-Қазына» АҚ Health&Safety бірінші жыл сайынғы форумы

## ҚЫРКҮЙЕК

- 2022–2031 жылдар кезеңіне арналған «Samruk-Kazyna Oneworld» ЖШС Төменгі көміртенді даму бағдарламасын бекіту.
- «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ға ESG бойынша 57 балл (теориялық 100 балл) берілді, бұл Moody's ESG Solutions тұрақтылық шкаласы бойынша екінші ең жоғары балл болып табылатын «A2» тұрақтылық рейтингіне сәйкес келеді.
- «KEGOC» АҚ бір данасының номиналды құны 1 000 теңге болатын кепілсіз 35 миллион купондық облигациялар мөлшерлемесі бойынша 35 миллиард теңге сомасына алғашқы «жасыл» облигацияларды шығарды.

## ҚАРАША

- АХҚО юрисдикциясында «Жасыл» активтерді (ЖЭН, СЭС) басқару үшін Qazaq Green Power PLC компаниясы тіркелген.

## НАУРЫЗ

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ресми түрде БҰҰ Жаһандық шартының толыққанды қатысушысы болды

## МАМЫР

- «Самұрық-Қазына» АҚ «Vision Zero» нөлдік жарақаттану тұжырымдамасына қосылды

## ТАМЫЗ

- «ҚазМұнайГаз» ҰН АҚ-ның жаңартылатын энергияның I-REC (International Renewable Energy Certificate) халықаралық сертификаттарын сатып алу
- Директорлар кеңесінің «Самұрық-Қазына» АҚ Төменгі көміртенді дамуға көшу жөніндегі Тұжырымдамасын бекітуі

## ҚАЗАН

- «Тау-Кен Самұрық» ҰМН» АҚ-ның 2060 жылға дейінгі Энергия көшу тұжырымдамасын бекіту
- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2022–2060 жылдарға арналған Энергетикалық көшу бағдарламасын бекіту

## ЖЕЛТОҚСАН

- «Қазақтелефон» АҚ-ның 2022–2032 жылдарға арналған Төменгі көміртенді даму бағдарламасын бекіту
- «Самұрық-Қазына» АҚ Тұрақты даму жөніндегі комитетінің II отырысы
- «KEGOC» АҚ жасыл облигацияларын «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында 3% маржамен жалпы сомасы 16,1 млрд теңгеге сәтті орналастыру
- «ҚТН» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының 2060 жылға дейінгі Төменгі көміртенді даму тұжырымдамасын бекіту
- Басқарманың «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2027 жылға дейінгі энергия және ресурс үнемдеу бағдарламасын бекітуі
- S&P Global Ratings рейтингтік агенттігінің «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ESG бағасын 51/100 деңгейінде беруі
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2023–2032 жылдарға арналған Даму жоспары шеңберінде «ESG принциптерін енгізу» стратегиялық мақсатын бекіту
- «Sustainalytics» рейтингтік агенттігінің «Medium risk» бағасымен «ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ ESG тәуекел-рейтингін жаңарту

# ҚОР ТУРАЛЫ

Қор 2008 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған. Қор маңызды мемлекеттік активтерді басқару арқылы Қазақстан экономикасының тұрақты дамуында шешуші рөл атқарады.

Қордың жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Үкімет пен Қор тобы арасындағы қатынастар корпоративтік басқару принциптеріне сәйкес Директорлар кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

Қордың компаниялар тобына мұнай-газ және көлік-логистикалық секторлар, химия және атом өнеркәсібі, тау-кен металлургия кешені, энергетика және жылжымайтын мүлік кәсіпорындары кіреді. Қордың басқаруындағы жалпы активтер 2022 жылдың соңында 33 574 млрд теңгені құрады. [GRI 2-6](#)

- ТОП-20 әлемнің жетекші қорлары (United Nations)
- ТОП-10 ең тиімді қорлар (SWFI), ашықтық рейтингі 10-нан 10 (SWFI)
- ТОП-30 (SWFI) активтері бойынша жетекші SWF арасындағысы
- Fitch BBB, S&P (BBB-/A-3), Moody's (Baa2) кредиттік рейтингі

Қор халықаралық деңгейде танылған және ол әлемдегі ең тиімді және ашық қорлардың бірі болып саналады.

# МИССИЯ

Активтердің әртараптандырылған портфельін тиімді басқару және Қазақстан Республикасы халқының мүддесіндегі бизнесті қолдау арқылы тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді құнды құру біздің миссиямыз болып табылады.

# ПАЙЫМДАУ

Біздің пайымдауымыз – жауапты инвестициялар арқылы адамдардың әл-ауқаты мен қоршаған ортаны қорғау принциптеріндегі инновациялық дамуда серпілісті жүзеге асыратын ұлттық экономикадағы көшбасшы болу.

Қордың рөлі портфельдік компаниялар арасындағы синергияны қамтамасыз етуде, әсіресе жеке сектор шектелген шикізаттық емес салалар мен жаңа бағыттарға инвестицияларды жүзеге асыруда, сараптама, құзыреттер мен инвестициялар беру арқылы нысаналы салаларды дамытуда, стратегиялық әріптестік арқылы инвестицияларды, оның ішінде шетелдік инвестицияларды тартуда, меншікті және акционерлердің құқықтарын қорғау принциптеріне негізделген озық бизнес-мәдениетті дамытуда және отандық компанияларды, оның ішінде шағын және орта бизнес өкілдерін қолдауда, жаһандық стратегиялық инвесторлармен және салалық көшбасшылармен, сондай-ақ ұлттық әл-ауқаттың басқа да қорларымен халықаралық әріптестікті дамытуда тұжырымдалады.

# БІЗДІҢ СТРАТЕГИЯМЫЗ

2023 жылы Қормен 2023–2032 жылдарға арналған Даму жоспары бекітілді. Осы жоспарға сәйкес дамудың үш стратегиялық бағыты таңдалып алынған:

- активтер портфельін тиімді басқару;
- бизнеске арналған экожүйе;
- тұрақты даму.

Қор тұрақты дамуды сапалы өсу мен акционерлік құнды арттыру негіздерінің бірі ретінде анықтады. Тұрақты даму стратегиялық бағыты бойынша Даму жоспары нелесідей негізгі бастамаларды қамтиды: корпоративтік басқару, ашықтық, транспаренттілік және комплаенс, әлеуметтік жауапкершілік, H&S озық тәжірибелері, адами капиталды дамыту, экологиялық жауапкершілік және ресурстарды үнемдеу, көміртенсіздендіру және «жасыл» қаржыландыру.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Біздің тұрақты дамуға деген көзқарасымыз берік іргетасқа негізделген, бұл біздің қызметіміз құрылатын негіздер мен құндылықтар. Олар біздің мақсаттарымызға жетуде бізді қолдайды.

Адам құқықтарын сақтау	Этикалық мінез-құлық
Ашықтық	Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік
Айқындық	Мүдделер қақтығысына жол бермеу
Есеп беру	Жеңе мысал

Қор және біздің портфельдік компаниялар Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі – БҰҰ ТДМ) қабылдаған Тұрақты даму мақсаттарына, БҰҰ Жаһандық шартының принциптеріне, БҰҰ-ның жауапты инвестициялау принциптеріне, экватор принциптеріне бейілділікпен бөліседі.

Стратегиялық жоспарлау деңгейінде Қор стратегияның, мақсаттар мен міндеттердің тұрақты даму саласындағы жалпы мақсаттармен, соның ішінде БҰҰ ТДМ-да, сондай-ақ климат жөніндегі Париж келісімінде көрсетілген мақсаттармен және тиісті ұлттық және аймақтық мақсаттармен шектелмей үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар Қордың Даму стратегиясын (Даму жоспарын) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізіледі. БҰҰ ТДМ-ның міндеттемесі, Қордың стратегиялық мақсаттары және нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу саласындағы іс-шаралар туралы толығырақ – 1-қосымша.

[© 1-қосымша. БҰҰ ТДМ міндеттемесі.](#)

Қор мен портфельдік компаниялар үшін ESG мақсаттарының сапалық және сандық көрсеткіштері қормен белгіленді.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУКАТ



## АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ

- Адам ресурстарын құру, жаңа бағыттар бойынша құзыретті нығайту

⊖ Біздің адамдар

⊖ 1-қосымша. БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын ұстануы

3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУКАТ



## Н&S ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

- «Нөлдік жарақатқа» ұмтылу және LTIF 0,14 жетістігі

(2023 жыл)

- Қауіпсіздік мәдениеті бойынша 100% өндірістік персоналды оқыту

(2023 жыл)

⊖ Біздің адамдар

⊖ 1-қосымша. БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын ұстануы

5 ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК



## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРМА

- ESG-рейтингі Қор топтары

(2032 жылға 70 перцентиль)

- Қор компанияларының басшы органдарындағы әйелдердің үлесін арттыру

2030 жылға 30%

- Қордың ДК және ПК құрамындағы тәуелсіз директорлардың үлесі

50% деңгейінде қолдау

⊖ Біздің тұрақты дамуға деген көзқарасымыз

⊖ 1-қосымша. БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын ұстануы

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ



7 ҚЫҒМАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ



## РЕСУРС ҮНЕМДЕУ

- Өндірістік қызметтің энергия сыйымдылығын төмендету

(2027 жылға -10%)

⊖ Жаһандық сын-қатерлерге біздің жауабымыз

⊖ Қоршаған орта

⊖ 1-қосымша. БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын ұстануы

13 КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУМЕН КҮРЕС



## КӨМІРТЕКСІЗДЕНДІРУ

- Парниктік газдардың тікелей және жанама лақтырындыларын азайту (1-қамту және 2-қамту)

≥ 2032 жылға ≥ [-10%]

- Электр энергиясын сатып алуда төменгі көміртекті генерацияның үлесін арттыру

2032 жылға 45%

⊖ Жаһандық сын-қатерлерге біздің жауабымыз

⊖ Стратегия инвестицияға айналады

⊖ Біздің тұрақты дамуға деген көзқарасымыз

⊖ Қоршаған орта

⊖ 1-қосымша. БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын ұстануы



13 КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУМЕН КҮРЕС



## «ЖАСЫЛ» ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

- Оффсеттік жобалар портфелін қалыптастыру (2023 жылға 5,8 млн тонна CO<sub>2</sub>-балама)

- Электр энергиясын өндірудегі ЖЭК және СЭС үлесі 2032 жылға 26%

⊖ Стратегия инвестицияға айналады

⊖ 1-қосымша. БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын ұстануы

16 БЕЙБІТШІЛІК, АДДІЛІК ЖӘНЕ ТИМДІ ИНСТИТУТТАР



## АШЫҚТЫҚ, ТРАСПАРЕНТІЛІК ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС

- ISO 37001:2016 «Парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйелері» және ISO 37301:2021 «Сәйкестікті басқару жүйесі» халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүйелерін сертификаттау

- Қор компанияларының басқару органдарындағы әйелдер үлесін ұлғайту

⊖ Қор туралы

⊖ Біздің тұрақты дамуға деген көзқарасымыз

⊖ 1-қосымша. БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын ұстануы

⊖ 4-қосымша Біздің мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсіліміз

## Неліктен бұл біз үшін маңызды?

Біздің бизнесіміздің көптеген аспектілері адам құқықтарын қамтиды, соның ішінде қызметкерлеріміздің жұмыс жағдайлары, денсаулық пен қауіпсіздік, цифрлық деректер, технология және жеткізушілеріміздің тәжірибесі. Сондықтан бизнесті жүргізу және іскерлік қарым-қатынастарды құру контекстіндегі біздің мінез-құлқымыз қоғамға оң және теріс әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, біздің мүдделі тараптарымыздың өсіп келе жатқан үміттері адам құқықтары Қор үшін маңызды тақырып екенін растайды.



## Біздің мақсаттарымыз бен міндеттеріміз:

- 2023-2027 жж. жалақысы төмен кәсіптер мен лауазымдардағы жұмысшылардың еңбек ақысын арттыру
- 2030 жылға қарай портфельдің компаниялардың Директорлар кеңесі мен атқарушы органдарындағы әйелдер үлесін біртіндеп 30%-ға дейін арттыру
- Қор компаниялары тобындағы жас, гендер және ұлттық теңгерім әртүрлілігін ынталандыру

Маңызды тақырыптар	Әсер түрі	Тікелей әсер ету
Адам құқықтары және кемсітушілікке қарсы	+	●

Әсер ету түрі: + оң – теріс

## Материалдық деңгейі:

- күшті
- орташа
- әлсіз

# АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚҰРМЕТТЕУ ЖӘНЕ ЭТИКАЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

”

Иә, мемлекеттік қызметшінің әдеп кодексі Қор тобының жұмыскерлеріне қолданылмайды. Бірақ біз квазимемлекеттік сектордың ең ірі өкілі, елдегі ең ірі жұмыс беруші болып табыламыз және біз ашықтық пен есеп берудің мәлімделген принциптері аясында жұртшылықтың назарында боламыз.

## Қордың Басқарма Төрағасы

Қазақстан Республикасы адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылықтары болып табылатын құқықтық мемлекет болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабының 2-тармағына сәйкес ешкімді тегіне, өлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітуге болмайды.

Біз Ұлттық әл-ауқат қоры ретінде адамның негізгі құқықтарын қатаң құрметтейміз. Біз барлығына тең құқықтар берудің сөзсіз маңыздылығын мойындаймыз. [GRI 2-23](#)

2017 жылы Директорлар кеңесі бекіткен біздің Мінез-құлық кодексіміз қандай да бір негізде кемсітушілік пен қысымға тыйым салады. [GRI 2-23](#) Кодекс барлық жұмыскерлердің лауазымына қарамастан жалпы мінез-құлық нормаларын белгілейді және Қордағы жұмыстың негізгі құндылықтары мен этикалық принциптерін көрсетеді. Кодекс Қор жұмыскерлеріне, Қордың

лауазымды тұлғалары мен директорларына ғана емес, сонымен қатар Қор тобына кіретін компанияларға да қолданылады. Қормен жұмыс істейтін немесе Қорды ұсынатын іскер серіктестерге, жеткізушілерге және басқа да үшінші тұлғаларға осы Кодекстің ережелерін ұстану ұсынылған.

Жылдан жылға біздің негізгі Адам құқықтары жөніндегі ұстанымымыз мызғымас және өзгеріссіз қала береді: біз балалар еңбегін пайдаланбаймыз, мәжбүрлі еңбекпен айналыспаймыз, нәсіліне, дініне және жынысына қарамастан барлық жұмысшылар мен контрагенттердің тең құқықтарын мойындаймыз. Алайда, біз олардың жалпы қоғам үшін айрықша маңыздылығын түсінеміз, сондықтан жоғарыда аталған аспектілерді Қор үшін маңызды деп танимыз. [GRI 406-1, GRI 408-1, GRI 409-1, GRI 2-23](#)

Кодекспен танысу барлық жұмыскерлер үшін міндетті болып табылады. Мінез-құлық кодексі мүдделі тараптар үшін біздің ресми сайтта үш тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қолжетімді. [GRI 2-23](#)

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТӨЗБЕУШІЛІК

Біз кез келген көріністерде сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік принципін ұстанамыз. Компаниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін негізгі ішкі құжаттар:

- Мінез-құлық кодексі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- Бастамашылық ақпараттандыру саясаты болып табылады.

2021 жылы Директорлар кеңесі бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты сыбайлас жемқорлыққа, сыйлықтар беруге және қабылдауға, алаяқтыққа және басқа да заңсыз әрекеттерге қатысты принциптерді қамтиды. [GRI 2-23](#)

## Нәліктен бұл біз үшін маңызды?

Сыбайлас жемқорлық – заңсыз нәсіпкерлік тәжірибе және сәйкестіктің негізгі тәуекелдерінің бірі. Ол әлеуметтік және экономикалық дамуға нұқсан келтіреді және бизнес ортаны тұрақсыздандырады. Бұл біздің құндылықтарымызға қайшы келеді және мүдделі тараптарымыздың сеніміне әсер етеді. Қорда сыбайлас жемқорлыққа кез келген көріністерге жол берілмейді, сондықтан біз Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелерін реттейтін бірқатар ішкі құжаттарды әзірледік.



## Біздің мақсаттарымыз бен міндеттеріміз:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен, қаржы мониторингі органдарымен және прокуратурамен тиімді және тығыз өзара іс-қимыл
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сәйкестік жүйелерінің ISO 37001:2016 «Парақорлыққа қарсы басқару жүйелері» және ISO 37301:2021 «Сәйкестікті басқару жүйесі» халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігіне сертификаттау

Маңызды тақырыптар	Әсер түрі	Тікелей әсер ету
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	+	●●

**Әсер ету түрі:** + оң – теріс

## Материалдық деңгейі:

- күшті
- орташа
- әлсіз

Осы саясаттың негізгі принциптерінің бірі – «Жоғары басшылықтың міндеттемесі және «жоғарыдан тонды» (Tone at the Top) орнату болып табылады. Компанияның Қор тобының бірінші басшысы қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін дербес жауап береді. Бұл өзгерістер Қор компанияларының бүкіл тобында бекітілген. [GRI 3-3](#)

Біздің саясатымызға сәйкес, Қор, сондай-ақ лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер өз қызметінде артықшылық алу немесе сақтау мақсатында саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді қаржыландыруды жүзеге асырмайды. Сондай-ақ Қор өз қызметінде артықшылық алу немесе сақтау мақсатында қайырымдылық және демеушілік жобаларды қаржыландыруды жүзеге асырмайды. [GRI 415-1](#) Саясат Қордың корпоративтік сайтында барлық жұмыскерлерге, сондай-ақ барлық мүдделі тараптарға толық қолжетімділік беру үшін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылған. [GRI 205-2](#)

# АШЫҚТЫҚ, АЙҚЫНДЫҚ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ

Ел экономикасындағы негізгі ойыншы Қордың табысты дамуы көбінесе мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың қалай құрылғанына байланысты болады. Біз диалог пен мүдделі тараптардың тікелей қатысуы экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің және ұзақ мерзімді құнды құрудың кілті деп санаймыз. Біз өзара сенімге, ашықтық пен адалдыққа негізделген қарым-қатынас орнатамыз. Мүдделі тараптармен тұрақты өзара іс-қимыл жүйесі мағыналы және шынайы ақпарат беруді, екіжақты диалог мүмкіндігін, портфельдік компаниялардың қызметіне, шағым берудің икемді тетігін әзірлеуге байланысты экологиялық қауіптер мен тәуекелдер туралы хабардар болуды қамтамасыз етуді білдіреді.

Мүдделі тараптармен болған диалогтың негізгі аспектілерін реттеу үшін PR-стратегия және 2022 жылға арналған Іс-шаралар жоспары әзірленді, портфельдік компаниялармен Өзара іс-қимыл жөніндегі саясат әрекет етеді. Есепті жылы Саясатқа түзетулер енгізілді –

## 1-СУРЕТ. СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР КАРТАСЫ [GRI 2-29, GRI 413-1](#)



артық буындар оңтайландырылды және алынып тасталды, Қордың бизнес-процестерін іске асырудың жеделдігі үшін өзара іс-қимыл тиімділігін арттырудың қосымша тетіктері құрылды. [GRI 2-29](#)

Қордың және оның портфельдік компанияларының қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін 2021 жылғы желтоқсаннан бастап Қоғамдық кеңес жұмыс жүргізеді. Кеңес кандидаттарды ашық конкурстық іріктеу арқылы құрылған болатын. Онда он адам бар: азаматтық қоғамның жеті өкілі және Қордың үш өкілі. Қордың Қоғамдық кеңесінің әрбір отырысы өзінің ақпараттық ресурстарымен жарияланады, сондай-ақ түрлі БАҚ шақырылады, оқиғалар интернет-басылымдарда да, теледидарда да жарияланады. Корпоративтік сайтта Қордың Қоғамдық кеңесінің, оларға берілген барлық ұсынымдар жарияланатын беті құрылды.

2022 жылы 13 отырыс өткізілді (230 сыртқы сарапшыларды тарта отырып) – бұл пікір көшбасшылары, қоғам қайраткерлері, салалық сарапшылар, қауымдастық өкілдері мен мәселелерді жан-жақты және сараптамалық қарауға арналған үкіметтік емес ұйымдар. 118 ұсыныс берілді.

Бұдан басқа, Қор тобы басшыларының БАҒ пен жұртшылықтың сұрақтарына жауап беретін баспасөз брифингтері үнемі өткізіліп тұрады. Қор өзінің жұмысы туралы әлеуметтік желілерде, оның ішінде @samrukazynaofficial телеграмм-арнасында белсенді түрде айтады. Қоғаммен өзара іс-қимылдың тағы бір жаңа түрі – IPO кампаниясы аясындағы азаматтармен ашық кездесулер. Қыркүйек айында Қор өкілдері мен сарапшылар бүкіл Қазақстанды аралап шықты және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниясының акцияларын орналастыру туралы қалалар мен ауылдардың тұрғындарымен 130-дан астам семинарлар өткізді. Бұл кездесулерге 150 мыңнан астам адам қатысты. Біз қоғаммен келісе отырып жұмыс істеу және даму үшін өз қызметіміздің ашықтығын одан әрі нығайтуға дайынбыз.

© Біздің өзара әрекеттесуіміз туралы толығырақ ақпарат Қосымшада берілген.

## МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

”


Қор ширек миллион адамға жұмыс беруші болып табылады. Олардың әрқайсысының өз сұрақтарымен кез келген деңгейдегі басшыға жүгінуге мүмкіндігі болуы керек. Ең бастысы: толық, сапалы түсініктеме алу. Адамдарға оларды еститінін түсіну маңызды.

**Қордың Басқарма Төрағасы**

Біздің мүдделі тараптарымыздың әртүрлі сипатын ескере отырып, бізде, әрқайсысымен үздіксіз өзара әрекеттесу үшін бірқатар механизмдер қарастырылған, Стейкхолдерлер картасы әзірленген (4-қосымшаны қараңыз), мысалы:

- ресми сайт (sk.kz ресми сайтындағы кері байланыс терезе);
- қоғаммен байланыс жөніндегі департаменттің электрондық поштасы;
- Қордың орналастырылатын ақпаратқа пікірлер қалдыру мүмкіндігі бар Telegram Samruk-Kazyna official, Instagram samrukkazyna\_official, Facebook ресми аккаунттары;
- алаңда үнемі шұғыл (мүдделі тараптарды толғандыратын өткір мәселелер бойынша) және апта сайынғы брифингтер өткізілетін Қордың баспасөз орталығы, Қордың қызметі және т. б. туралы есеп беретін бірінші басшылар. Барлық баяндамалар бейнебайланыс бойынша сұрақтар қою мүмкіндігімен онлайн түрде таратылады, осылайша барлық қатысқысы келгендерге аймақтық шектеулерсіз (онлайн) қатысу мүмкіндігі берілген;
- кері байланыс жүйелері – Сенім телефоны (сыбайлас жемқорлық және өзге де бұзушылықтар туралы хабарлар үшін) және Нысана (жұмыскерлердің өтініштері үшін);
- E-Отініш азаматтарының барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы.

Қор тобының әрбір жұмыскері немесе кез келген үшінші тұлға, оның ішінде сатып алу мәселелері бойынша жеткізушілер кез келген Мінез-құлық кодексінің бұзушылықтары, оның ішінде сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік, этикаға жат мінез-құлық және өзге де бұзушылықтар туралы кез келген жұмыскерлердің, контрагенттердің немесе қызметі Қормен байланысы бар басқа да тұлғалардың кез келген әрекеттерінің заңдылығына қатысты қандай да бір күмән туындаған жағдайда тәуелсіз орталықтандырылған Сенім телефонына хабарласа алады. Анонимділік және өтініш берушілерді қудалаудан қорғау Бастамашылық ақпараттандыру саясатымен кепілдендірілген. Электрондық пошта мекенжайы және Сенім телефоны нөмірлері туралы ақпарат біздің корпоративтік сайтта және барлық портфельдік компаниялардың сайттарында қолжетімді. [GRI 2-26](#)





# СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ҚАУЫМДАСТЫҚ МҮШЕЛІГІ


Қордың компаниялар тобы БҰҰ Жаһандық шартының негізгі принциптерін қоса алғанда, тұрақты даму саласындағы үздік тәжірибелерді сақтау мен өз қызметіне енгізуге ұмтылады және әлемдік қоғамдастықпен әріптестікте өз құзыреттерін дәйекті түрде арттырып отырады:

- IFSWF мүшесі (Тәуелсіз Әл-ауқат қорларының Халықаралық форумы);

- Қазақстан-Қытай Іскерлік кеңесі шеңберінде ҚХР Халықаралық сауданы дамытуға жәрдемдесу комитетімен әріптестік;
- Қазақстан-Британ Іскерлік кеңесі шеңберінде Ұлыбританияның Сыртқы істер министрлігінің DIT, Халықаралық сауда департаментімен әріптестік;
- Қазақстан-Корея Іскерлік кеңесі шеңберінде КІТА, Корея халықаралық сауда қауымдастығымен әріптестік;
- «Vision Zero» Халықаралық нөлдік жарақат тұжырымдамасының мүшесі. [GBL2-28](#)

## ҚОРДЫҢ ПОРТФЕЛЬДІК КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ СЕРІКТЕСТІГІ ЖӘНЕ МҮШЕЛІГІ





# ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ БІЗДІҢ ЖАУАБЫМЫЗ

”

Біз портфельдік компанияларымыз үшін тон мен стратегиялық нұсқауларды белгілей отырып, төмен көміртекті дамуға көшуді жүргіземіз.

01

## Неліктен бұл біз үшін маңызды?

Әлем сыни жаһандық климаттық өзгерістердің алдында тұр. Температураның өзгеруі ауқымы жылдан жылға өсіп келе жатқан бірқатар қолайсыз климаттық құбылыстарды (құрғақшылық, су тасқыны, қалыптан тыс жылу және т. б.) тудырады. Біз көміртегі бейтараптығына қол жеткізу, портфельдік компанияларға және басқа да мүдделі тараптарға олардың жаһандық жеткізу тізбегін көміртенсіздендіруге және жаһандық климаттық өзгерістердің жағымсыз әсерін азайтуға көмектесу үшін қолымыздағы барлық ресурстарды пайдалануды өз міндетіміз деп санаймыз.



## Біздің мақсаттарымыз бен міндеттеріміз:

- 2021 жылғы базалық жылдан 2032 жылға қарай көміртегі ізіңізді 10%-ға азайтыңыз және 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізіңіз
- 2032 жылға қарай электр энергиясын сатып алудағы төмен көміртенсіздендіру үлесін 45%-ға дейін ұлғайту (2021 жылғы деңгейден)

Маңызды тақырыптар	Өсер түрі	Тікелей әсер ету
Энергия	-	●●●

Өсер ету түрі: + оң – теріс

## Материалдық деңгейі:

- күшті
- орташа
- әлсіз

# КӨМІРТЕКСІЗДЕНДІРУ

Қазақстан Орталық Азиядағы парниктік газдардың ірі эмитенті бола отырып<sup>3</sup>, климаттық өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі жаһандық мақсатты ұстанатынын білдіреді. Елде климаттық өзгеруіне байланысты стратегиялық құжаттар базасы құрылды. Біз осы аспектідегі алғашқылардың бірі – Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманың мақсаттарын ұстанамыз. Тұжырымдама энергия тиімділігін арттыру және электр энергетикасындағы көмірқышқыл газы шығарындыларының деңгейін төмендету бойынша көрсеткіштерді қамтиды. 2016 жылы Қазақстан Париж келісімін ратификациялады. Бұдан әрі Қазақстан Президентінің 2020 жылғы желтоқсанда көміртегі бейтараптығына қол жеткізу міндеті туралы мәлімдемесінен кейін елімізде 2060 жылға қарай Көміртегі бейтараптылығына қол жеткізу стратегиясын әзірлеу басталды, оған біз белсенді қатысудамыз.

Біз әлеуметтік жауапты ұйым ретінде Қазақстанда және бүкіл әлемде климаттық күн тәртібін ілгерілетуде маңызды рөл атқара аламыз. Біз төмен көміртенсіздендіруде маңызды драйвер болып табыламыз, біздің портфельдік компанияларымыз үшін тонды және стратегиялық бағдарларды белгілейміз. Қор әлемдік қоғамдастықтың климаттық өзгеруі проблемасына алаңдаушылығын бөліседі және парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша жаһандық күш-жігерді қолдайды. Бұл үшін Қор 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қор тобының көміртегі әсерін анықтады. Ол 60,9 млн тонна CO<sub>2</sub>-баламаны құрады. Оның ішінде 50,7 млн тонна CO<sub>2</sub>-балама тікелей парниктік газдар шығарындылары, 10,2 млн тонна CO<sub>2</sub>-балама жанама шығарындылар. Қор кәсіпорындарының ішінде парниктік газдардың тікелей шығарындылары «Самұрық-Энерго» АҚ-ға (65%) тиесілі, оның қызметі негізінен көмір электр станцияларында электр энергиясын өндіруге байланысты. Мұнай-газ саласындағы парниктік газдардың тікелей шығарындыларының үлесі («ҚазМұнайГаз» ҰН) АҚ және «QazaqGas» ҰН) АҚ) – 28%, олардың қызметі де отынның қазба түрлеріне шоғырланған. Қордың қалған барлық компанияларына 7%-дан кем тиесілі.

<sup>3</sup> REdiCAP деректері бойынша (The Regional Dialogue on Carbon Pricing)

2013 жылдан бастап елімізде шығарындыларды сату жүйесі құрылды және біз парниктік газдардың тікелей шығарындыларын есепке алу мен түгендеуді жүргізудеміз. Қазіргі уақытта шығарындылармен сауда жүйесі қызмет салаларының бір бөлігін ғана жабады және Қазақстандағы барлық парниктік газдар шығарындыларының 50%-ға жуығын қамтиды, алайда біздің ірі портфельдік компанияларымыз осы жүйенің қатысушылары болып табылады және шығарындыларға квоталар алады.

Қазіргі климаттық күн тәртібінің аясында біз климатқа және қоршаған ортаға түсетін жүктемені төмендету қажеттігін түсіне отырып, еліміз айқындаған климаттық мақсаттарға бағдарланамыз және Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бастамасын қолдаймыз. Қор климаттық аспектіде елеулі ықпалы бар экономика секторларында мемлекеттің мүдделерін білдіретін ірі холдинг ретінде Қазақстан экономикасының орнықты жолға көшуінде негізгі рөл атқарады. Біз өндірістің неғұрлым тиімді және экологиялық таза технологияларын пайдаланатын өндірістік кәсіпорындарды салу және жаңғырту бойынша түрлі жобаларға инвестициялаймыз. Біз күн және жел сияқты жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға бағытталған инновациялық жобаларды қолдаймыз, осы трендтерге сәйкес келетін және пайда табу мүмкіндігі бар жобаларға инвестиция тартамыз.

2022 жылы Қордың ішкі нормативтік құжаттарында бақылау рәсімдерін құжаттау және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды сақтау арқылы ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құру бойынша жұмыс жалғастырылды.

Қордың Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару және бақылау жүйесінің маңызды элементі болып табылады. 2022 жылы Ішкі аудит қызметі бекітілген Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес тексерулер жүргізді және бизнес-жоспарлау процесі, сатып алу процесі, әкімшілік шығыстардың тиімділік нормаларын сақтау саласындағы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерін жақсарту бойынша ұсыныстар берді. Тексеру нәтижелері бойынша Қызмет ұсынымдар берді, оның ішінде ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерін, процестерді, қызметті жүргізу қағидаттары мен әдістерін жақсарту бойынша ұсыныстар берілді.

Қызмет өз қызметін ішкі аудиттің халықаралық нәсіби стандарттарына, оның ішінде халықаралық Ішкі аудиторлар

институтының Өдеп кодексіне сәйкес жүргізеді. Қызметте ішкі аудит қызметін Ішкі аудит анықтамасына, Ішкі аудиторлар институтының Ішкі аудиттің нәсіби практикасының халықаралық стандарттарының талаптарына және Өдеп кодексіне сәйкестігі тұрғысынан бағалау, сондай-ақ ішкі аудиттің тиімділігі мен нәтижелілігін бағалау және қызметті жетілдіру үшін мүмкіндіктерді анықтау мақсатында Ішкі аудит қызметін кепілдендіру/қамтамасыз ету және сапасын арттыру бағдарламалары енгізілді.

Кепілдіктер/қамтамасыз ету және ішкі сапаны арттыру бағдарламасы мерзімді ішкі бағалауды және қызметтің ағымдағы мониторингін, сондай-ақ кемінде 5 жылда бір рет жүргізілетін сыртқы тәуелсіз бағалауды, аудит нәтижелері бойынша аудит объектісінің кері байланысын тұрақты жинауды нәздейді. 2023 жылы нәтижелері Қордың Директорлар кеңесіне ұсынылатын Қызметтің жұмысына сыртқы тәуелсіз бағалау жүргізу жоспарланған.

© [2022 жылдық есеп: Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау](#)

## КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ

Комплаенс қызметі тек Қордың ғана емес, бүкіл квазимемлекеттік сектордың үлкен ашықтыққа қарай өзгерістерінің драйвері болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қор компанияларының бүкіл тобы бойынша бірнеше бағытта жүргізіледі. Біз барлық портфельдік компанияларда комплаенс институтын белсенді түрде ілгерілетеміз, осылайша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті сапалы жаңа деңгейге шығарамыз.

2017 жылдан бастап Қордың ірі портфельдік компанияларында комплаенс-қызметтер құрылды. Қазіргі уақытта «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына жататын

барлық еншілес және тәуелді компанияларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-функцияларды орындау жүктелген комплаенс-қызметтер немесе бөлімшелер жұмыс істейді. Сәйкестік функциясы өзінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті өкілеттіктер мен ресурстарға ие.

Барлық комплаенс-қызметтер Директорлар кеңестеріне/Бақылау кеңестеріне тікелей есеп береді, бұл олардың атқарушы органдардан тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Мүдделер қақтығысы компаниядағы басқа лауазымдарды біріктіру мүмкіндігін жою арқылы жойылады. [GRI 2-15](#) Біз сыбайлас жемқорлық және реттеуші тәуекелдерді басқару саласындағы үздік халықаралық тәжірибелерді ұстанамыз.

Осы тәуекелдерді талдау және мониторингтеу жүзеге асырылады, олардың нәтижелері мүдделі мемлекеттік органдар мен компанияларға жіберіледі. Есепті кезеңде Қордың барлық маңызды бизнес-процестері сыбайлас жемқорлық және өзге де тәуекелдерді сәйкестендіру мақсатында талданды. [GRI 205-1](#)

Қордың реформалары шеңберінде сатып алулардың ашықтығын қамтамасыз етудегі комплаенс рөлі күшейтілді. 2022 жылғы 1 сәуірден бастап қабылданған Сатып алудың жаңа тәртібіне сәйкес комплаенс-тексеру объектісі болып табылатын бір нәзден сатып алу санаттары айқындалды. Сондай-ақ қатысушылары оффшорлық юрисдикцияларда

тірнелген өнім берушілермен іскерлік қатынастарға тыйым салынды. Сатып алудың жаңа тәртібінде өнім берушілер сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемелерді бұзған жағдайда мәмілелерді біржақты бұзу мүмкіндігі көзделген.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың пәрменді құралдарының бірі контрагенттердің сенімділігін тексеру болды. Қазіргі уақытта Қордың электрондық сатып алу жүйесінде осы процесті автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік дерекқорларға қосылу жоспарлануда, бұл қолданыстағы контрагенттерге талдау жүргізуге, сондай-ақ үшінші тұлғалардың сенімділігін және олардың Қор компаниялары тобының жұмыскерлерімен үлестестігін тексеруге мүмкіндік береді. Деректер базасына қосылу санкциялық және өзге де «қара тізімдер» бойынша тексеру жүргізуге, сондай-ақ сценарийлер мен тарихи деректер негізінде үшінші тұлғалардың белсенділігіне мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Барлық жұмыскерлер мен басшы органдардың мүшелері еңбек шарттарын жасасу кезінде сенімділікті кешенді тексеруден, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысудан өтеді. [GRI 205-2](#) Есепті кезең ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытудан Қордың басшы жұмыскерлері мен әкімшілік-басқару персоналының 100% өтті.

Қордың ресми корпоративтік сайтында басты бетте және «Комплаенс» бөлімінде мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің талаптары туралы ақпарат, комплаенс саласындағы негізгі құжаттар, сондай-ақ Компанияда жұмыс істейтін жедел желі байланыстары орналастырылған. Жедел желілерге және басқа да ресми арналар арқылы келіп түскен өтініштер, оның ішінде анонимді өтініштер белгіленген рәсімдерге сәйкес қаралады. Сенім телефонының операторы Қорға қатысты тәуелсіз компания болып табылады, бұл өтініш берушінің тиісті құпиялылық деңгейі мен құпиялығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қордың компаниялар тобы жұмыскерлерінің «Жедел желі» жұмысы туралы хабардарлығын арттыру үшін тұрақты негізде қоғамдық орындарда бейнероликтер, плакаттар орналастырылады, «Жедел желі» байланыстары бар скринсейверлер пайдаланылады. [GRI 2-25](#) Бұзушылықтар туралы хабарлау мәдениетін арттыру мақсатында, оның ішінде өтініш берушіні қорғау және құдалауға жол бермеу жөніндегі Қор белгілеген саясатты қоса алғанда, компаниялардың жоғары басшылығын тарта отырып, «жедел желіні» түсіндіру жұмыстары және танымал ету жүргізілуде. [GRI 2-24](#)

«Жедел желіге» келіп түскен хабарламалардың динамикасы Қор компаниялары тобының жұмыскерлері мен контрагенттері тарапынан сенім артып келе жатқанын көрсетеді.

Келіп түскен өтініштерді тіркеу және өтініш берушіге жауап беру процестері комплаенс кешенді жүйесі шеңберінде толық автоматтандырылған. Жедел желі операторының барлық өтініштері Қордың компаниялар тобының комплаенс-офицерлерінің қарауына нақты уақыт режимінде келіп түседі.

Есепті кезеңде «жедел желіге» барлығы 905 өтініш түсті. Келіп түскен өтініштердің жалпы санының төрттен бірі расталды. [GRI 2-25](#)

Қор компаниялары тобы бойынша есепті кезеңде портфельдік компаниялардың Комплаенс қызметтерін тексерулер мен тексерулердің комплаенс нәтижелері бойынша (оның ішінде «жедел желіге» өтініштер бойынша) тәртіптік жауапкершілікке 171 жұмыскер тартылды. Есепті кезеңде Қор тобында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін 2 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды. [GRI 2-25](#), [GRI 205-3](#)

2023 жылға Қор сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті одан әрі қалыптастыруға бағытталған келесі іс-шараларды жоспарлады:

- Қордағы ISO 37001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сертификаттық

аудиттен өту және Қор тобының компанияларын одан әрі кезең-кезеңімен сертификаттау;


- анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін митигациялау үшін деректерді талдаудың ақпараттық жүйелері мен құралдарын дамыту;
- уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын дамытуға қатысу;
- бірыңғай әдіснамалық тәсілдер арқылы портфельдік компанияларға одан әрі қаскадтаумен комплаенстің (оның ішінде санкциялық, листингтік, реттеушілік, монополияға қарсы және т. б.) «жаңа» бағыттарын дамыту.

## Омбудсмен

Қорда корпоративтік этика қағидаттарын ілгерілетумен, корпоративтік жанжалдар мен этикалық бұзушылықтарды объективті реттеуді қамтамасыз етумен айналысатын Омбудсмен институты жұмыс істейді. [GRI 2-25](#) Компания омбудсменінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Қор омбудсмені туралы ережемен, Қордың мінез-құлық кодексімен және басқа да ішкі құжаттармен реттеледі.

Омбудсменнің негізгі міндеттері:

- еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ жұмыскерлердің іскерлік әдеп қағидаттарын сақтауына жәрдемдесу;
- даулар мен жанжалдарды ерте ескерту және реттеу арқылы Қордың рейтингі мен беделін арттыруға жәрдемдесу;
- басшылар мен жұмыскерлер арасындағы бейресми коммуникацияларды қамтамасыз ету, осы негізде жетілдіру үшін проблемалар мен бағыттарды уақтылы анықтау, қор мен портфельдік компаниялардың саясаттары мен рәсімдерін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу.



# БІЗДІҢ АДАМДАР

”

Біздің қызметкерлер – басты құндылық және басты ресурс. Олардың кәсіпқойлығы мен қауіпсіздігінің деңгейі біздің жұмысымыздың нәтижелеріне және инвесторлар үшін құндылығымызға тікелей әсер етеді.

# 04

Біздің жұмыскерлер басты құндылығымыз және басты ресурсымыз. Олардың нәсібилігі мен қауіпсіздік деңгейі біздің қызметіміздің нәтижелеріне және инвесторлар үшін

құндылығымызға тікелей әсер етеді. Біз еңбек нарығында нәсіби кандидаттарды ашық және айқын тәсілмен тартамыз, жұмыскерлеріміздің нәсібилігін дамыту үшін бағдарламалар

өзірлейміз, меритократия қағидатына сәйкес жұмыскерлерді оқытумен, сондай-ақ қауіпсіз еңбек жағдайларымен қамтамасыз етеміз.

## ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Адам ресурстарын басқару саласында біз қазақстандық және халықаралық құқық нормаларын ұстанамыз. Біз білікті кадрларды тартуға және ынталандыруға, корпоративтік мәдениетті дамытуға және персоналды басқарудың озық технологияларын енгізуге бағытталған Кадр саясатын бекіттік.

Адам ресурстарын басқарудың тиімді жүйесін құру мақсатында біз HR-процестерге қағидаттарды, тәсілдер мен талаптарды айқындайтын және Қор тобында үздік HR-тәжірибелерді енгізуге ықпал ететін корпоративтік стандартты үнемі өзектендіреміз. [GRI 2-24](#)

Адам ресурстарын басқару қағидаттары бірқатар қағидалармен реттеледі, мысалы, Еңбекақы төлеу және жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау қағидалары және т. б. [GRI 3-3](#)

Қор тобы жұмыскерлерінің тізімдік саны 2022 жылы 259 055 адамды құрайды (2021 жылы 258 044). Есепті кезеңдер арасында жұмыскерлер санының айтарлықтай ауытқуы анықталған жоқ. [GRI 2-7](#)

Біздің өндірістік қызметіміздің ерекшелігіне байланысты ерлердің үлесі үлесі дәстүрлі түрде 72%-ды, ал әйелдер 28%-ды құрайды (259 055 адамның ішінен). [GRI 2-7](#) Өкімшілік-басқару персоналының үлесі – 7% (оның ішінде әйелдердің үлесі 58%), 93% – өндірістік персонал (оның ішінде әйелдердің үлесі 25%). Басшы және басқарушы жұмыскерлердің үлесі – 5% (оның ішінде әйелдердің үлесі 40%).

Жоғары басшылықта әйелдердің үлесі: Қордың компаниялар тобының басқармаларында – 15%, бақылау және қамқоршылық кеңестерде, сондай-ақ Қор компанияларының Директорлар кеңестерінде – 14%. [GRI 405-1](#)

Біз портфельдік компаниялардың басқарушы органдарындағы әйелдердің үлесін арттыру бойынша жұмыс істейміз: портфельдік компаниялардың Директорлар кеңесі мен атқарушы органдарының құрамындағы әйелдердің үлесін 2030 жылға дейін 30%-ға дейін (2022 жылы 15%) кезең-кезеңмен арттыру жоспары әзірленді. 2023 жылдың желтоқсанына қарай Қордың барлық компаниялар тобы

бойынша басқармалардағы, Директорлар кеңестеріндегі және бақылау кеңестеріндегі әйелдердің орташа үлесі 20%-ға, 2030 жылға қарай – 30%-ға жетуі тиіс. Бұл жоспарлар гендерлік теңдіктің әлемдік трендіне толығымен сәйкес келеді.

Өткен жылы Қор басшылығына айтарлықтай өзгерістер енгізілді, оның ішінде топ-менеджерлердің санын азайту және бес басқарушы директордың үшеуін ауыстыру. Бұл өзгерістер 12 ірі компанияның 8-нің басшылығына да әсер етті.

2022 жылдың қорытындысы бойынша кадрлардың ауысу коэффициенті 8%-ды (2021 жылы 12%) құрады, бұл Қордың Басқарма Төрағасы 2022 жылға бекіткен (№9-р) Қор тобындағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі нешнді іс-шаралар жоспарының (14%) 25-тармағына сәйкес кадрлардың ауысу көрсеткіші шегінде. [GRI 401-1](#)



# БАРЛЫҒЫНА ТЕҢДІК

Біз жұмыс орнындағы қысымның немесе немсітушіліктің кез келген түрін жою арқылы барлық жұмыскерлер үшін тең еңбек жағдайларын, сондай-ақ жалдау мен мансаптық өсудің әділ және ашық процестерін қамтамасыз етеміз. Қорға және портфельдік компанияларға жұмыскерлерді іріктеу және жалдау рәсімдерінің ашықтығын арттыру үшін 2019 жылдан бастап Қор тобының 493 компаниясын біріктіретін Samruk Qyzmet (QSamruk.kz) бірыңғай онлайн рекрутинг платформасы жұмыс істейді. 2022 жылдан бастап барлық жұмыс орындары @samrukazynaofficial tg-арнасында ашық түрде жарияланады.

**№3 СУРЕТ. ЖЫЛ СОҒЫНА ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША ШТАТТЫҚ ЖҰМЫСКЕРЛЕР САНЫ**



Бірыңғай рекрутингтік порталдағы ізденушілер саны 2022 жылы 60%-ға (84 486-дан 136 489 ізденушіге дейін) ұлғайды, бұл Қор компанияларында жұмыс істеуге деген жоғары қызығушылықты көрсетеді. Барлық кезеңде (2019 жылдан бастап) 27 600-ден астам бос жұмыс орны жарияланды (2022 жылы – 17 354). Сыртқы кандидаттар qsamruk.kz арқылы жабылған бос жұмыс орындарының саны 2022 жылы – 7 221 (2021 жылы 1 794).

Біз барлық адамдар үшін теңдік және мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау саясатын ұстанамыз, 2022 жылы Қор 2 860 мүмкіндігі шектеулі жандарға жұмыс беруші болып табылады, оның ішінде басым бөлігі Маңғыстау облысында тұрады (482 адам). Қорда гендерлік шектеулер жоқ, мысалы, 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы декреттік және бала күтімі бойынша демалысқа шыққан ерлер санының 16,7%-ға өсуі байқалды (толығырақ 9-қосымшада).

Бізде гендерлік айырмашылықтарына байланысты базалық жалақыда және сыйақы төлеу жүйесінде айырмашылықтар [GRI 405-2](#), сондай-ақ гендерлік, жас, ұлттық, діни немесе өзге де белгілер бойынша жұмыскерлерді немсіту жоқ. [GRI 2-24](#), [GRI 406-1](#)

Қор қазақстандық персоналды басшылық лауазымдарға ілгерілетуге жардемдеседі, сондықтан әкімшілік-басқару персоналы қатарынан 10 шетелдік жұмыскерді қазақстандық азаматтар алмастырды. Директорлар кеңесі мен бақылау кеңестеріндегі шетелдіктердің саны да 23-тен 14-ке дейін қысқарды (40%). [GRI 202-2](#) Қор президенттік жастар таланттар резервінің мүшелерін басшылық позицияларға тартады. Қордың бес басқарушы директорының үшеуі – Президенттік жастар кадрлық резервінің жас түлектері.

**№4 СУРЕТ. ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**



Басшы құрамға қойылатын талаптар күшейтілді. Енді Қор компанияларының бірінші басшылары, басқарушы директорлары мен бөлімшелерінің басшылары лауазымдарына барлық кандидаттарды серіктестік пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін комплаенс-офицерлер тексереді. Полиграфиялық тексерулер, сондай-ақ өтірік детекторының сынақтары ретінде белгілі, сыбайлас жемқорлықтың жоғары тәуекелдеріне байланысты лауазымдарға, атап айтқанда сатып алу саласындағы басшылық лауазымдарға әлеуетті үміткерлерді тексеру құралы ретінде пайдаланылады. [GRI 205-1](#) Есепті кезеңде 52 компанияда 133 үміткер осындай тексеруден өтті, бұл ретте 27 адам тест тапсырған жоқ және жұмысқа қабылданбады.

## Неліктен бұл біз үшін маңызды?

Біздің қызметкерлерге және олардың өкілдеріне деген көзқарасымыз бизнесті жүргізудің негізі болып табылады. Тиімді жұмыс үшін қолайлы жағдайлар жасау, жоғары білікті кадрларды тарту және ұстап тұру мақсатында Қордың және қоржындық компаниялардың барлық штаттық қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетіледі, оған әлеуметтік төлемдер мен өтемақылардың әртүрлі түрлері кіреді.



## Біздің мақсаттарымыз бен міндеттеріміз:

- Күшті көшбасшылық командаларға негізделген тиімді корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және дамыту, меритократияның іргелі принциптерін жүзеге асыру және персоналды дамытуға инвестициялау.
- Әртүрлі тетіктерді, соның ішінде қаржылық емес тетіктерді енгізу, оның ішінде ұжымдық шарттар мен әлеуметтік пакеттің шарттарын жақсарту, еңбегін жұртшылық мойындау

Маңызды тақырыптар	Әсер түрі	Тікелей әсер ету	Жанама әсер
Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық	-	● ● ●	● ● ●

Әсер ету түрі: + оң – теріс

## Материалдық деңгейі:

- ● ● күшті
- ● орташа
- әлсіз

# БІЗДІҢ АДАМДАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Тиімді жұмыс істеу, жоғары білікті кадрларды тарту және ұстап қалу үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында Қордың және портфельдік компаниялардың барлық штаттық жұмыскерлері үшін әлеуметтік қолдау көрсетіледі<sup>13</sup>. Біз жұмыскерлерге әртүрлі әлеуметтік төлемдер мен өтемақыларды қамтитын кепілдендірілген әлеуметтік пакетті ұсынамыз:

- еңбек демалысына сауықтыруға материалдық көмек;
- жұктілікке және босануға байланысты төлемдер;
- 1,5 жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша демалыстағы жұмыскерлерге ай сайынғы төлемдер;
- тұрғын үй мәселелерін шешуге көмек көрсету;
- еңбек ету қабілетінен жалпы айырылуына, мүгедектік алуына байланысты басқа жұмысқа ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда еңбек шарты бұзылған кезде өтемақы;
- жерлеуді ұйымдастыруға жұмыскердің қайтыс болуына байланысты біржолғы төлем, өндірістегі жазатайым оқиға салдарынан қаза тапқан жұмыскердің отбасына біржолғы төлем. [GRI 401-2](#)

Біз ана/әке болумен байланысты барлық қажетті демалыс шарттарын ұсынамыз. 2022 жылы 9 274 адам (2021 жылы 9 513) декреттік және бала күтімі бойынша демалыс алды (оның ішінде ерлер саны 5,4%). Декреттік демалыстан оралған әйелдердің көрсеткіші 42%-ы және 41%-ы (сәйкесінше 2021 жылы 56% және 38%). [GRI 401-3](#)

Сондай-ақ Қор ауруға шалдыққан жағдайда ерікті медициналық сақтандыруға әлеуметтік кепілдіктер береді, салауатты өмір салтын насихаттау үшін фитнес-клубқа бару абонементтерін сатып алуға бөліп төлеу ұсынылады. [GRI 401-2](#)

Сонымен қатар, жұмыскерлерге тарихи қалыптасқан әлеуметтік қолдау түрлері ұсынылады. [GRI 401-2](#) Әлеуметтік көмектің бұл түрлері ұжымдық шарттарда бекітілген немесе

жеке кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген. Мұндай төлемдерге мыналар жатады:

- мерейтойлық жасқа жетуіне байланысты төлемдер;
- некеге байланысты;
- некеге тұру кезінде қысқа мерзімді демалыс;
- баланың туылуына байланысты;
- туыстарының қайтыс болуына байланысты-жалақының сақталуына байланысты;
- емдеу шығындары сақтандыру бағдарламасында белгіленген лимиттен асқан жағдайда емделуге және медициналық операцияларды төлеуге;
- мүгедек жұмыскерлерге;
- жұмыскердің мүгедек балалары
- және басқалары.

Бұл жәрдемақылар дағдарыс кезеңіне қарамастан өзгерген жоқ.

Ұлттық заңнамаға сәйкес азаматтардың зейнетақы жинақтары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында болады. Зейнетақы жинақтары: мемлекет кепілдік берген ең төменгі зейнетақы мөлшерлемесінен; жеке зейнетақы жинақтарынан (ай сайынғы жарна – жалақының 10%) және қосымша өңірлік үстемеақылардан тұрады. [GRI 201-3](#)

Біздің жұмыскерлеріміздің ең төменгі орташа айлық жалақысының (сыйлықақыларды, қосымша ақылар мен үстемеақыларды ескере отырып) қызмет аймағына байланысты 2022 жылға арналған ұлттық заңнамада белгіленген ең төменгі жалақыға қатынасы мынадай шектерде:

- өндірістік персонал үшін (ерлер) 1,2:1-ден 2,7:1-ге дейін;
- өндірістік персонал үшін (әйелдер) 1,2:1-ден 2,4:1-ге дейін;
- әкімшілік-басқару персоналы үшін (ерлер) 2,4:1-ден 5,5:1-ге дейін;
- әкімшілік-басқару персоналы үшін (әйелдер) 2,4:1-ден 4,5:1-ге дейін.

<sup>13</sup> Жәңілдіктер пакеті ұйымға байланысты өзгеруі мүмкін.

## Неліктен бұл біз үшін маңызды?

Әлемде ең құнды ресурстардың бірі адами капиталды дамытуға небір көңіл бөлінуде. Біздің стратегиямыздың амбицияларын жүзеге асыру жоғары ынталы қызметкерлерге және олардың жаңа салаларда дамуына байланысты. Сондықтан біздің қызметкерлерге инвестиция салу Қордың бәсекелестік артықшылықтарын сақтау мен нығайтудың негізгі басымдықтары болып табылады.



### Біздің мақсаттарымыз бен міндеттеріміз:

- Үздік әлемдік тәжірибеге негізделген қызметкерлердің кәсіби біліктілігін үздіксіз арттыру
- Қызметкерлеріміздің көшбасшылық әлеуетін арттыру, заманауи бизнес көшбасшыларының дамуына қолдау көрсету

Маңызды тақырыптар	Өсер түрі	Тікелей өсер ету
Оқыту және тәрбиелеу	+	●●

Өсер ету түрі: + оң – теріс

### Материалдық деңгейі:

- күшті
- орташа
- әлсіз

Бұл коэффициенттің ең жоғары мәні Маңғыстау және Атырау облыстарына тиесілі.

2022 жылы Қор тобының 243 мың жұмыскерінің жалақысы төмен лауазымдарға баса назар аударып, 5-48%-ға өсті.

## ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Кадрлық әлеуетті арттыру арқылы адами капиталды дамыту жұмыскерлеріміздің жаңа салалардағы құзыреттерін күшейту және үздік әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, олардың біліктілігін үздіксіз арттыру біздің стратегиялық міндеттеріміздің бірі болып табылады.

Жұмыскерлерімізді дамуы 70/20/10 қағидатына негізделген, онда әрбір жұмыскер жене даму жоспарына сәйкес өзінің оқуы мен дамуы үшін жауап береді. Қор жоғары білікті кадрлық әлеуетті құру үшін өзін-өзі дамытуға, оқытуға, коучингке, тәлімгерлікке, функционалдық академияларға, HR жобаларына және Қор тобы ішіндегі кәсіби қауымдастықтарға инвестиция салады. Бәсекелестік артықшылықтарды қолдау мен нығайтудың негізгі басымдықтарына құзыреттілікті дамыту бағдарламаларын, модульдік оқыту бағдарламаларын енгізу, инженерлер мен техниктер мен жұмысшыларды басым оқыту, инженерлік және техникалық мамандықтар үшін дуальды оқытуды дамыту, оқытуда цифрлық технологияларды пайдалану және персоналдың барлық деңгейлері үшін бейімдеу бағдарламаларын әзірлеу кіреді. Біздің тәсілдерімізге ішкі оқыту жүйесін әзірлеу, дағдыларды игеру және дамыту үшін жұмысшыларды ротациялау, таланттар пулын құру, бағалау әдістерін жақсарту, шетелдік және жергілікті жұмысшылар арасында білім беруді қамтамасыз ету, халықаралық оқыту бағдарламаларында жұмыскерлерді қолдау және қысқарту, қайта құрылымдау, тарату жағдайында жұмыскерлерге жаңа мүмкіндіктерге көшуге көмектесу үшін аутплейсмент бағдарламаларын енгізу кіреді немесе зейнетке шығу. [GRI 404-2](#), [GRI 3-3](#)

2022 жылы Қор тобының 625 328 жұмыскері оқудан өтті. Осы мақсатта оқытуға жұмсалған шығындар – 104,3 млрд теңгені құрады, оқытудың орташа құны – бір жұмыскерге 166,7 мың теңге (2021 жылы 227,9 мың теңге). 2022 жылы персоналды оқытудың

Ұйымның қызметіндегі елеулі өзгерістерге қатысты хабарламаның ең аз кезеңі – егер еңбек, ұжымдық шарттарда хабарламаның неғұрлым ұзақ мерзімі көзделмесе, күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей. [GRI 402-1](#)

жалпы саны жылына 11,8 млн сағатты құрады (өндірістік персонал – жылына 6,1 млн сағат, әкімшілік-басқарушылық – жылына 5,7 млн сағат).

Қор тобының 1 жұмыскері орта есеппен 19 академиялық оқу сағатынан өтті, оның ішінде: [GRI 404-1](#)



Таланттарды басқарудың негізгі қағидатына Қордың бизнес-стратегияға сәйкес кадрлық әлеуетін дамыту, ашықтық пен өділеттілік, біздің нақты қажеттіліктерімізге жауап беретін мұрагерлер пулын құру, мансаптық жоспарларды талқылау және өз бөлімшесінен тыс жұмысшылардың мансабын дамыту кіреді. Таланттарды басқару жүйесінің негізгі міндеті компания үшін маңызды рөлдерді орындау үшін әлеуеті бар жұмысшылар пулын құру және Қорды болашақта қажетті таланттармен қамтамасыз ету болып табылады.



Біз «Самұрық-Қазына» АҚ Әкімшілік және басқарушы жұмыскерлерінің қызметін бағалау қағидаларымен реттелетін персоналдың қызметіне тұрақты бағалау жүргіземіз.

Бағалаудың мақсаты Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін жұмыс нәтижелеріне, жұмыскерлердің дағдыларына, білімдері мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды айқындау арқылы жұмыскерлер қызметінің тиімділігін арттыру. [GBL404-3](#) Қызметті бағалау келесі негізгі қағидаттарға негізделген:

- сенімге негізделген әділ және объективті кері байланыс беру;
- оқыту мен дамыту қажеттілігін анықтауға көмек көрсету;
- қызметтің жеке көрсеткіштерін жақсартуға жәрдемдесу.

Біз, жұмыскерлердің еңбегін тану және бизнес-нәтижелерге қол жеткізгені үшін көтермелеу жүйесіне назар аударамыз, сондай-ақ еңбенақы төлеу жүйесін жетілдіреміз. Ол үшін Қор еңбек нарығына талдау жүргізеді, қаржылық-экономикалық мүмкіндіктерге сәйкес жалақы деңгейін қолдайды, жалақы деңгейін анықтауға сараланған көзқарасты сақтайды және әкімшілік-басқарушылық және өндірістік персонал арасындағы алшақтықты азайтады. Дәл осындай жүйе портфельдік компанияларда енгізілуде.

## КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ

Біз көшбасшылардың мықты командасына, жұмыскерлердің белсенділігі мен келісімділігіне негізделген тиімді корпоративтік мәдениетті құру үшін жұмыс істейміз.

Біздің HIT (Humility, Integrity, Transparency) корпоративтік құндылықтарымыз: қарапайымдылық, адалдық және ашықтық – біздің корпоративтік мәдениетіміздің негізінде жатыр және ішкі және сыртқы коммуникациялардың негізгі қағидаттары болып табылады.

Біздің басшылығымыз корпоративтік этикалық мінез-құлық нормаларын нақты ұстанады, корпоративтік мәдениетті жоғары деңгейде қолдайды және дамытады және Қор мен жалпы халықтың мүддесі үшін әрекет етеді. Қордың ішінде де, сыртында да корпоративтік мінез-құлық құндылықтарын сақтау және дамыту әрбір басшы мен жұмыскердің жауапкершілік аймағы болып табылады.

Біздің сервистік компаниямыз, «Samruk Business Academy»<sup>14</sup> жеке меншік мекемесі, жұмыскерлерді оқыту, бағалау және дамыту, Қор компаниялары тобының мамандарын қайта даярлау және біліктілігін арттыру саласында қызмет көрсететін, бізге дамудың стратегиялық мақсаттарына сәйкес корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға көмек көрсетеді.

Есепті жылы мынадай маңызды іс-шаралар өткізілді:

- «ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ «Өндірістік қауіпсіздік саласындағы көшбасшылық. Жаңа сын-қатерлер мен төсілдер» VII жыл сайынғы форумы» (75 қатысушы);
- «Қазақстан темір жолы» ҰН» АҚ 100 жас тұлғалар бағдарламасы аясында үш жылдық модульдік оқыту аяқталды;

- көшбасшылық бағдарламалар: «ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ менеджменті және кадр резерві не арналған 2 Модуль «Мансап. Б пулы» (14 қатысушы);
- Қорға арналған «Гендерлік теңдік» бағдарламасы (140 қатысушы қатысып, 71 жобаны аяқтайды);
- «ҚазТрансОйл» АҚ үшін «Өзгерістер агенттерінің жария коммуникация құралдары» жастар форумы (50 қатысушы);
- 2022 жылғы қазаннан 2023 жылғы мамырға дейінгі оқу кезеңіне есептелген «Middle Management» бағдарламасының 1 және 2 оқыту модульдері өткізілді;
- Мақсатты аудиториясы Қордың және портфельдік компаниялардың 35 жасқа дейінгі жас мамандары болатын жас көшбасшыларды дамыту жөніндегі бағдарламаның бірінші және екінші кезеңдері.

Жыл сайын біз жалпыға ортақ еңбек туралы идеяны ілгерілетуге және өндірістік мамандықтарды дәріптеуге бағытталған «Үздік маман» байқауын өткіземіз.

### Дамудың одан арғы бағыттары

- Жаңа оқу бағдарламаларын іске қосу (HR, PR, IR мектептері және т. б.).
- FMD Global/Global CCU халықаралық аккредиттеу.
- SBA LMS жүйесін енгізу (білім мен тәжірибені таратудың автоматтандырылған жүйесі).
- Сараптамалық және әдіснамалық қолдаумен қолданбалы біліктілік орталығын құру.
- «Мұнай-газ өнеркәсібі және мұнай-химия мектебі», «Көлік және коммуникация мектебі», «IT және телекоммуникация мектебі», «Энергетика мектебі», Health&Safety School оқытудың өндірістік бағдарламаларын әзірлеу.

<sup>14</sup> SBA 2022 жылы «Бірыңғай персоналды дамыту орталығының» негізінде 2004 жылы құрылған «Самұрық-Қазына» корпоративтік университеті» жеке мекемесі болып өзгертілді.

# ЖАСТАР САЯСАТЫ

Бүгінгі таңда Қордың компаниялар тобында 30 жасқа дейінгі 44,5 мыңнан астам жас маман немесе жұмыскерлердің жалпы санының 17%-ы есептеледі. 30 жасқа дейінгі басшы және басқарушы жұмыскерлердің үлесі – 7%. Жастармен жұмыс істеуге жүйелі көзқарас, жас мамандардың зияткерлік және кәсіби дамуына баса назар аудара отырып, жаңа тәсілдерді енгізу мақсатында Қорда Жастар саясатын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары іске асырылуда. Әрбір портфельдік компанияда жастармен жұмыс істеу үшін супервайзерлер анықталған. Жастар кеңесі институты енгізілді.

«Jas Samiryq» қарқынды челленджін өткізу бағдарламасы әзірленді (дамудың үш бағыты бойынша тапсырмаларды жеңе орындау – физикалық, эмоционалдық және интеллектуалдық), оның қорытындысы бойынша портфельдік компаниялардың (пікір көшбасшыларының) ең белсенді 200 жұмыскері үшін жастар білім беру форумы өткізілді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ жас мамандарды дамыту үшін «Жас Өркен» және «Ізбасар» бағдарламаларын іске асырады. Бағдарламаның мақсаты – компания кәсіпорындарында кезең-кезеңімен мансаптық өсу перспективасы бар талантты көшбасшыларды тәрбиелеу.



## Неліктен бұл біз үшін маңызды?

Әлеуметтік-еңбек қатынастары еңбектің сапасы мен өнімділігін арттыруды қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Әрбір қызметкердің бірігуіне, оның ішінде өз мүдделері мен еңбек ұжымдарының мүдделерін қорғау үшін кәсіподақтар құруға құқығы бар. Біз үшін бұл құқықты жан-жақты қолдап, оған қажетті жағдай жасау маңызды.



## Біздің мақсаттарымыз бен міндеттеріміз:

- Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің кешенді жоспарын іске асыру
- Татуластыру институттарының рөлін ілгерілету және күшейту, оның ішінде кәсіподақтарды оқыту және медиаторлардың жеке пулын құру.

Маңызды тақырыптар	Өсер түрі	Тікелей өсер ету
Қызметкерлермен өзара әрекеттесу	+	● ● ●

Өсер ету түрі: + оң – теріс

## Материалдық деңгейі:

- ● ● күшті
- ● орташа
- әлсіз

# ӘЛЕУМЕТТІК-ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

Жұмыскерлердің сөзсіз құқығы бірлестіктердің бостандығы, еңбек ұжымдарының мүдделерін қорғау үшін кәсіптік одақтарға бірігу құқығы. Біз әлеуметтік жауапты компания ретінде осы құқықты толығымен қолдаймыз және осы институционалдық құрылымды дамыту үшін қолайлы жағдай жасаймыз. [GRI 407-1](#)

Кәсіподақтар диалог алаңының жақсы үлгісі болып табылады, бұл әлемдік тәжірибемен расталады. 2022 жылдың соңында біздің 38 портфельдік компанияда ұжымдық шарттарға қол қойылды (2021 жылы – 37). [GRI 2-24, GRI 407-1, GRI 2-30](#)

Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы (бұдан әрі – ӨӨІҚНО) – Қор компаниялары тобында әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу және әлеуметтік әріптестікті дамыту алаңы. 2021 жылдан бастап дағдарыстық жағдайлар туындаған жағдайда Қор бөлімшелері мен портфельдік компаниялардың және дағдарысқа қарсы іс-шаралар ұйымдарының өзара іс-қимылын үйлестіруге арналған Қордың жедел штабы жұмыс істейді. Есепті кезеңде жедел штабтың 7 отырыс өткізілді.

Біз еңбек ұжымдарындағы моральдық-психологиялық ахуалға мониторинг жүргіземіз. Еңбек жағдайларын жақсарту, еңбек дауларының алдын алу және т. б. бойынша жұмыстар жүргізілуде. ӨӨІҚНО жанында 4 байланыс арнасы (электрондық пошта, телефон, Whatsapp мессенджері, веб-сайт) бойынша еңбек ұжымдарында әлеуметтік шиеленістің туындау алғышарттары немесе фактілері туралы жедел деректерді жинауды және талдауды 24/7 режимінде жүзеге асыратын Әлеуметтік тұрақтылық мониторингі орталығы жұмыс істейді. 2022 жылы «Нысан» колл-орталығының жедел желісі арқылы 23 мыңнан астам хабарлама келіп түсті, оның ішінде әлеуметтік-еңбек қатынастары мәселелері бойынша – 1 037. 86 ереуіл тіркелді, оның 78-і Маңғыстау облысына тиесілі, оның ішінде мұнай-газ секторының мердігерлік ұйымдары тарапынан 30 ереуіл.

Әлеуметтік тұрақтылықтың интерактивті картасы енгізілді, ол арқылы нақты уақыт режимінде Қор компаниялары тобының

кәсіпорындарындағы жағдай бақыланады (12 портфельдік компанияның периметрі бойынша 230 мыңнан астам адам).

2013 жылдан бастап Қордың компаниялар тобында Samruk Research Services әлеуметтік тұрақтылық деңгейіне зерттеу жүргізілуде, бұл бүкіл Қазақстан бойынша өндірістік ұжымдардың әлеуметтік-еңбек қатынастарындағы проблемалық аймақтарды диагностикалауға және алдын алу шараларын уақтылы қабылдауға мүмкіндік береді. Ол компаниялардың барлық дерлік жұмыскерлерін қамтиды.

Қор компаниялары тобындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейі 2022 жылдың қорытындысы бойынша қанағаттанарлық – SRS жалпы көрсеткіші 2021 жылмен салыстырғанда 3%-ға төмендеп 70%-ды құрады (97 мыңнан астам респондентті қамту). Зерттеу смс-тарату (онлайн сауалнама) және телефон арқылы сауалнама арқылы жүргізілді.

Бес жылдан астам уақыт бойы Қордың Кәсіподақ белсенділерінің корпоративтік мектебі кешенді білім беру жобасы жаңа формациядағы кәсіби кәсіподақ жұмыскерлерін тәрбиелеп келеді. Оқу бағдарламасында қақтығыстарды басқару, медиация, тиімді қарым-қатынас психологиясы, ұжымдық шартты қалыптастыру сияқты әдістерге ерекше назар аударылады. Кәсіподақ құру мен ұжымдық шартты қалыптастырудың қадамдық алгоритміне көңіл бөлінеді. Белсенділер мектебінде тыңдаушыларға олардың салдарымен күресудің орнына даулардың алдын алуға үйретіледі. Мектеп бағдарламасы еңбек құқығы, ұжымдық келіссөздер жүргізу және кәсіподақ ұйымдастыру сияқты бүгінгі таңда сұранысқа ие дағдыларды оқытуды қамтиды. [GRI 407-1](#)

2022 жылдың наурыз айында біз «Медиаторлар пулы» жобасын іске қостық. Астана және Алматы қалаларында Қор тобының түрлі портфельдік компанияларының 102 жұмыскері оқудан өтті. Аталған жобаның мақсаты – жанжалдарды уақтылы анықтау және шешу үшін Қор тобының әрбір компаниясында сертификатталған

## Неліктен бұл біз үшін маңызды?

Жұмыстағы қауіпсіздік пен қауіпсіздік адамның негізгі құқығы болып табылады және біз қызметкерлеріміздің және біздің нысандарда жұмыс істейтін әрбір адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндеттіміз. ISO 45001 «Еңбекті қорғау және қауіпсіздікті басқару жүйесі» халықаралық стандартына сәйкес еңбек қауіпсіздігін басқарудың тиімді жүйесін қолдауға ерекше назар аударылады.



## Біздің мақсаттарымыз бен міндеттеріміз:

- 2023 жылы LTIFR O,14 деңгейіне жету
- 2027 жылы LTIFR O,11 деңгейіне жету
- 2023 жылы өндірістік персонал үшін қауіпсіздік мәдениетін 100% оқыту

Маңызды тақырыптар	Өсер түрі	Тікелей әсер ету	Жанама әсер
Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық	-	●●●	●●●

Өсер ету түрі: + оң – теріс

## Материалдық деңгейі:

- күшті
- орташа
- әлсіз

медиатордың болуы. 2018 жылдан 2021 жылға дейін әлеуметтік-еңбек қатынастары орталығы бүкіл Қазақстан бойынша Қор тобы компанияларының 300-ден астам кәсіподақ жұмыскерлерді оқытты. Тағы 80 кәсіподақ көшбасшысын оқыту 2022 жылдың 19 тамызында аяқталды. [GRI 407-1, GRI 2-24](#)

Тағы бір бағыт – Қордың компаниялар тобында IR (Industrial relations – өндірістік қатынастар) әдістерін енгізу, бұл өндірістегі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды арттыруға мүмкіндік береді. 2022 жылы Қор компаниялары тобында IR дамуын бірыңғай тәсілдерді және орталықтандырылған реттеуді қамтамасыз ету үшін корпоративтік стандарт

# ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және «нөлдік жарақатқа» ұмтылу біздің стратегиямыздың ажырамас бөлігі болып табылады. Біздің қызметіміздің ерекшелігіне байланысты Қор тобына кіретін өндірістік объектілерде жұмыс істеу адамдар үшін ықтимал қауіпті болуы мүмкін және еңбекке қабілеттілігін жоғалтуға немесе активтерін жоғалтуға, өндіріс тиімділігінің төмендеуіне, қаржылық шығындарға себеп болуы мүмкін, бұл қордың беделіне теріс әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты 2022 жыл Қор компаниялары тобында «еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жылы» болып жарияланды.

Стратегиялық мақсатымызға қол жеткізу үшін біз Қор тобының барлық жұмыскерлеріне таралатын «Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы менеджмент жүйесі» ISO 45001 халықаралық стандартына сәйкес өндірістік қауіпсіздікті басқарудың тиімді жүйесіне қолдау көрсетуге ерекше назар аударамыз. Осы жүйе шеңберінде біз Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ұлттық заңнамасының талаптарын ұстанамыз, сондай-ақ жұмыс орнында қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша үздік салалық әлемдік

бенітілді, сондай-ақ әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлардың санитарлық-эпидемиологиялық мониторингі, ішкі коммуникацияларды дамыту, кері байланыс мәдениеті және жұмыс орнындағы қысымның алдын алу, IR тарихы мен ESG күн тәртібімен және Тұрақты даму мақсаттарымен өзара байланысы туралы оқыту жүргізілді.

Қабылданған шаралардың арқасында туындайтын еңбек даулары медиация әдістерін қолдана отырып, Қор компаниялары тобының жергілікті кәсіподақ ұйымдарын тарта отырып және сот органдарына жүгіну арқылы құқықтық өріс аясында шешіледі.

тәжірибелерді енгіземіз. Біз өз қызметімізді Өндірістік қауіпсіздік саясатына, Портфельдік компанияларға, олардың еншілес және тәуелді ұйымдарына, сондай-ақ қызмет көрсетушілерге қолданылатын өндірістік қауіпсіздікті басқарудың корпоративтік стандартына сәйкес жүзеге асырамыз. [GRI 403-1, GRI 403-8, GRI 3-3](#)


Бұл ретте компаниялардың өздері денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйелерін енгізуді және сертифициаттауды қамтамасыз етеді және олардың жоғарыда көрсетілген құжаттардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Жүйелерді жетілдіру өндірістік қауіпсіздіктің тиісті бағыттары бойынша жекелеген рәсімдерді әзірлеу немесе өзектендіру, өндірістік қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және т. б. арқылы үздіксіз негізде жүргізіледі.

Қор тобының топ-менеджменті жұмыс орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Ол қауіпсіз мінез-құлықтың драйвері болып табылады және өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне адалдық пен қатысуды көрсетеді. 2022 жылы Директорлар кеңесі жұмыскерлердің

денсаулығы мен қауіпсіздігін бақылауға көңіл бөле бастады. Өндірістік қауіпсіздік туралы есептер Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралды. Елдегі жағдайдың тұрақтануына қарамастан Covid-19-ды жұқтыру жағдайларын бақылау жалғастырылды.

Қорда үш жыл бойы проблемалық мәселелерді талқылау, тәжірибе алмасу, сондай-ақ өндірістік қауіпсіздік саласындағы стратегиялық бастамалар мен идеяларды қарау бойынша диалог алаңы – Қор Басқармасы жанындағы Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті табысты жұмыс істейді. Аталған Комитеттің құрамына 13 ірі портфельдік компаниялардың CEO-1 деңгейінің жауапты өкілдері кіреді. Комитеттің негізгі мақсаты – Қор Басқармасына және Директорлар кеңестеріндегі Қор өкілдеріне ұсыныстар әзірлеу, өндірістік қауіпсіздік саласындағы корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі портфельдік компаниялардың іс-шараларының орындалу барысын үйлестіру мен бақылауды қамтамасыз ету болып табылады. [GRI 403-4, GRI 2-24](#)

### №5 СУРЕТ. ЖҰМЫС УАҚЫТЫН ЖОҒАЛТУ ЖАРАҚАТТАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ (LTIFR), БІРЛІК




2022 жылы Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитетінің 5 отырысы өткізілді. Жұмыс келесі бағыттарға бағытталды:

- өндірістік қауіпсіздік саласындағы қызметтің барысы мен нәтижелерінің мониторингі;

- жазатайым оқиғаларды тергеп-тенсеру нәтижелерін және қабылданған іс-шараларды қарау;
- өндірістік қауіпсіздік саласында жаңа нормативтік құжаттар мен процестерді (оның ішінде цифрландыру жөніндегі бірқатар шешімдерді) әзірлеу және қолданыстағы нормативтік құжаттарды жетілдіру.

Ірі портфельдік компанияларда өндірістік қауіпсіздік қызметтері құрылды. Біз әрбір портфельдік компанияда бірінші басшыға өндірістік қауіпсіздік жөніндегі функцияның тікелей әкімшілік есептілігін енгіземіз. Мәселен, «QazaqGaz» ҰК» АҚ-та 2022 жылы өндірістік қауіпсіздік жөніндегі функция өндірістік блоктан бөлініп Компанияның Басқарма төрағасының қарамағындағы дербес қызмет қалыптастырылды. Қор тобы бойынша орта есеппен 1 өндірістік қауіпсіздік жұмыскеріне 134 жұмыскер келеді. [GRI 403-3](#)

### №6 СУРЕТ. ӨЛІМ-ЖІТІМ КОЭФФИЦИЕНТІНІҢ ДИНАМИКАСЫ, БІРЛІК



Біз жұмыс орындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде тәуекелге бағытталған тәсілді қолданамыз. Есепті жыл ішінде тұрақты негізде басқарудың әртүрлі деңгейлерінде жұмыс орындарының жай-күйіне аудиттер жүргізілді. Өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарға сәйкестікке жүргізілген ішкі аудиттердің саны 2022 жылы 25 641 аудитке жетті (2021 жылы 19 073 аудит). Бұл ретте анықталған 126 мың сәйкессіздіктің 121 мыңы жойылды. Қалған бұзушылықтар бойынша жоюдың ұзағырақ мерзімдері белгіленді. [GRI 403-2](#)

Компаниялар тобында өндірісте жазатайым оқиғалар мен аварияларсыз жұмыс істеу жұмыскерлердің мақсатты әрекеттеріне ғана емес, сонымен қатар мердігер ұйымдардың жұмыскерлеріне де байланысты. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі корпоративтік ережелер мен ережелерді мүлтіксіз сақтау бойынша мердігер ұйымдарға қойылатын талаптар Қордың өндірістік қауіпсіздігі саласындағы тиімді басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Мердігер ұйымдардың жұмыскерлеріне оның ішінде олардың біліктілігі мен құзыретіне қойылатын талаптар біздің жұмыскерлерге қойылатынмен бірдей. Бұл талаптар лайықты ұйымдармен жасалған шарттардың бөлігі болып табылады. Олардың сақталуын Қор мен портфельдік компаниялар көшпелі аудит барысында, нақты бағалау бойынша, мердігерлік ұйымдардың өндірістік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне бағалайды.

Жергілікті жерлерде жұмыскерлерге 178 кәсіподақ ұйымдары тарапынан үлкен қолдау көрсетіледі. Жұмыс орындарында жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында кәсіподақтармен бірлесіп еңбек жағдайларын жақсарту, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу, ішкі және қоғамдық бақылауды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар көзделеді. [GRI 403-7, GRI 403-10](#)

Біз жыл сайын жазатайым оқиғалардың алдын алу, жұмыскерлер үшін санитарлық-тұрмыстық еңбек жағдайларын жақсарту, жұмыскерлерді сауықтыру, жеке қорғаныс құралдарын сатып алу, арнайы киімдерді химиялық тазалау және жуу, еңбекті қорғау мәселелерін оқыту және насихаттау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды қамтамасыз етеміз. 2022 жылы осы мақсаттарға 126 млрд теңге жұмсалды (2021 жылы 99,8 млрд теңге).

## 7-КЕСТЕ. БАҒЫТТАР БОЙЫНША ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ТАЛАПТАРДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР, МЛРД ТЕҢГЕ

	2018	2019	2020	2021	2022
<b>Барлығы</b>	<b>57,0</b>	<b>65,3</b>	<b>122,4</b>	<b>99,8</b>	<b>126,0</b>
Еңбекті қорғау	17,0	17,7	19,9	22,6	24,4
Өрт қауіпсіздігі	7,6	8,2	8,6	10,2	15,2
Өнеркәсіптік қауіпсіздік	27,8	34,0	88,4	60,8	81,9
Оқыту	2,0	2,4	1,9	2,4	1,7
Басқа да	2,2	2,5	3,3	3,6	2,5

Портфельдік компанияларды өндірістік қауіпсіздіктің жағдайын жақсартуға ынталандыру мақсатында 2022 жылдың нәтижелері бойынша алғаш рет өндірістік қауіпсіздік саласындағы нәтижелерге қол жеткізгені үшін Қордың Басқарма Төрағасының жыл сайынғы номинациясын беру практикасы енгізілді. Осылайша, жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша бірінші орынға номинант болып «Қазақтелеком» АҚ анықталды, ол Қордың Басқарма Төрағасының Құрмет грамотасымен марапатталды. [GRI 403-7](#)

### 2022 жылдың негізгі нәтижелері

Біздің портфельдік компанияларымызбен бірлесіп, біз өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіруге және келесі бағыттар бойынша жарақаттану деңгейін төмендетуге бағытталған жүйелі жұмыс жүргіздік:

- 1) Басшылардың көшбасшылығы мен адалдығын арттыру. «Қазақтелеком» АҚ, «HEGOC» АҚ, «QazaqGaz «ҰН» АҚ, «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-да Қорға ұқсас, алғаш рет өндірістік қауіпсіздік бойынша мамандандырылған Форумдар өткізілді. Аталған іс-шараларда бірінші

- басшылар, еншілес және тәуелді ұйымдар мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары өндірістік қауіпсіздік бойынша міндеттемелер қабылдады. Бұдан басқа, CEO-1 деңгейінің басшылары өндірістік алаңдарды 2 айда кемінде 1 рет көшпелі тексеруді жүзеге асыруы тиіс. CEO-1 деңгейіндегі компаниялардың басшылары есепті жылы барлығы 43 тексеру жүргізді.
- 2) Қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру, хабардарлықты өзгерту және жұмыскерлерді өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне тарту. 2022 жылы қауіпті жағдайларды, қауіпті әрекеттерді, ықтимал қауіпті оқиғаларды (Near Miss) тіркеу, Қауіпсіз мінез-құлық бақылауларын жүргізу, әрбір жұмыскердің қауіпті жұмыс түрлерін тоқтата тұру құқығын іске асыру сияқты жарақаттанудың алдын алудың белсенді құралдары белсенді енгізілді. 2022 жылы 136 360 мінез-құлық қауіпсіздік бақылаулары жүргізілді, 2 040 қауіпсіз орындалатын жұмыс түрлері тоқтатылды (2021 жылы 1 797), бұл қауіпсіз еңбек мәдениетінің өсіп келе жатқан деңгейін көрсетеді. [GRI 403-2](#)
- 3) Қор тобының ішінде де, өнеркәсіп салаларының озық компанияларымен де тәжірибе алмасу. Өндірістік қауіпсіздік қызметтерінің басшылары мен жұмыскерлері «Теңізшевройл», «(NOC) Норт Каспиан Оперейтинг Компани», «(HPO B. V.) Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» сияқты ірі ұйымдарда болып, олардың жұмыс істеу тәсілдерімен танысты. «Қазпошта» АҚ жұмыскерлері көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тәжірибе алмасу аясында «Сауда-көлік компаниясы» ЖШС-да барды, «Самұрық-Энерго» АҚ АлЭС жұмыскерлері жауап сапарымен ГРЭС-1 барып, СҚЗ-У ЖШС-ның энергокешенінде және СҚЗ-У ЖШС-дағы электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібімен танысты.

- 4) Жұмыскерлердің құзыреттерін дамыту. 2022 жылы ҚР Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптары шеңберінде жұмыскерлердің 210 406 немесе 81%-ы , жұмыскерлердің 62 114 немесе 24%-ы ҚР заңнамасынан тыс нұрстарда білім алды. Оның ішінде NEBOSH нұрстарында 244 жұмыскер, IOSH нұрстарында 817 жұмыскер, «қауіпсіз жүргізу» (defensive driving) нұрстарында 3 069 жұмыскер оқытылды. Сонымен қатар, біз Ұлыбританияның қауіпсіздік және денсаулық сақтау институтының мақұлдауына ие болған және аталған курс бойынша өндірістік персоналдың 100%-ын оқыту жоспарлап отырған «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» атты жеке корпоративтік оқу курсы өзін өзі оқыту бағдарламасын жүргізді. [GRI 403-5](#)
- 5) Процестерді цифрландыру. SAP жүйесінде оқиғалар мен озық көрсеткіштер бойынша есептілік іске қосылды.
- 6) ТЖ-ның алдын алу. Қауіпті өндірістік объектілерде шартты аварияларды жою бойынша бірлескен оқу-жаттығулар өткізу практикасы енгізілді. Мәселен, Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының «Ақтау» МҰТП базасында «Резервуарлық парктегі өрт» тақырыбында дағдарыстық жағдайларды басқару командасының оқу-жаттығуы өткізілді.
- 7) Тоғыспалы аудитті жүргізу. Қор компания сарапшыларымен бірлесіп Қордың 18 ұйымында аудит жүргізді, олардың барысында жазатайым оқиғаларға ықтимал алғышарттар болып табылатын 600-ден астам сәйкессіздіктер анықталды. [GRI 403-2](#)

Қызметтің қорытындысы 2021 жылмен салыстырғанда (133-тен 111 адамға дейін) өндірістегі жазатайым оқиғалардың салдарынан зардап шеккендердің жалпы санының 16%-ға төмендеуі болды. Өндірістік жарақаттануды бағалауға Қор тобының барлық жұмыскерлері енгізілді. [GRI 403-9](#)

LTIFR коэффициенті 0,16<sup>15</sup> құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 27%-ға төмен.

Қордың өндірістің қызметіне байланысты ауыр жарақаттардың коэффициенті 2022 жылдан бастап есептеле бастады және 0,15-ті құрады.

Өкінішке орай, 2022 жылы өліммен аяқталған 12 жазатайым оқиға болды (2021 жылы 14 жағдай): «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ – 5, «Самұрық-Энерго» АҚ – 4, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ – 1, «НЕГОС» АҚ – 1, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК – 1. [GRI 403-9](#)

### 8-КЕСТЕ. 2022 ЖЫЛЫ БОЛҒАН ОҚИҒАЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫҢ САНЫ, БІРЛІК

Портфельдік компаниялар	Өлімге әкелу себебі	Жағдайлар саны
«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ	Вагондар арасында қысылу	2
	Электр тогының соғуы	1
	Биіктіктен құлау	1
	Конструкцияның құлауы	1
«Самұрық-Энерго» АҚ	Электр тогының соғуы	1
	Биіктіктен құлау	1
	Жылжымалы құрамның басып кетуі	1
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	Автокөліктің шанағы мен аспасы арасында қысылып қалу	1
	Құбырдан ауаның шығып кетуі	1
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	ЖҰКО	1
«НЕГОС» АҚ	Биіктіктен құлау	1

Өндірісте болып жатқан оқиғаларды талдау және тергеу және болашақта олардың қайталануын болдырмау үшін шаралар қабылдау маңызды аспект болып табылады. Әрбір жағдай бойынша талдау жүргізіледі, басқа компанияларда олардың қайталануына жол бермеу мақсатында мән-жайларды, себептерді және қабылданған түзету шараларын қысқаша сипаттай отырып, ақпараттық бюллетеньдер жіберіледі.

[GRI 403-7](#)

Барлық ауыр жарақаттардың 55%-ы оқиғалардың үш санатына жатады: құлау; сүріну және сырғанау; қозғалатын, ұшатын, айналатын заттардың және ЖҰКО әсері.

Ауыр жазатайым оқиғалардың көпшілігі 36 мен 50 жас аралығындағы зардап шеккендермен болды. Зардап шеккендердің үштен біріне жуығы 11 жылдан 20 жылға дейін жұмыс өтілі болған. Бұл уақыт өте келе үлкен тәжірибесі бар жұмыскерлердің өзіне деген сенімділік сезімі және жұмысты орындау кезінде жинақылықтың жоқтығын көрсетеді. Осыған байланысты біздің 2023 жылға арналған іс-шараларымыз осы мәселені шешуге бағытталатын болады. [GRI 403-9](#)

№7 СУРЕТ. 2022 ЖЫЛЫ ОҚИҒА ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР, %



<sup>15</sup> LTIFR (Жоғалған уақыт жарақатының жиілігі) – еңбекке қабілеттілігін жоғалтумен болған жазатайым оқиғалардан зардап шеккен компания қызметкерлерінің саны (қайтыс болғандарды қоса алғанда) 1 миллион адам/сағатқа көбейтілген және 12 жұмыс істеген адам-сағаттың жалпы санына бөлінген есеп айлары [GRI 403-9](#)

# ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Біз әр жұмыскерге әл-ауқат тақырыбына өзінің саналы көзқарасын қалыптастыруға және жұмыста және одан тыс уақытта салауатты және бақытты өмір сүру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруға көмектесуге тырысамыз.

Қор физикалық әл-ауқаттын жақсарту, өмір сүру сапасын жақсарту, денсаулықты жақсарту және өнімділікті арттыру үшін пайдалы әдеттерді қалыптастыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізеді.

Қор тобындағы денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы саласындағы мәселелерді басқару Қазақстан заңнамасының; Еңбек кодексінің, Денсаулық туралы кодекстің, Қазақстан Республикасының Санитарлық ережелері мен нұсқаулықтарының, Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы саласындағы халықаралық талаптардың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Бес жылда кемінде бір рет өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша тәуелсіз мамандандырылған ұйымды тарта отырып аттестаттау өткізіледі, оның нәтижелері

бойынша еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін жақсарту жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар кешені өткізіледі. [GRI 3-3, GRI 403-3](#)

2022 жылдың қорытындысы бойынша денсаулығының нашарлауы себебінен еңбек қызметіне байланысты емес өлім-жітім саны 49%-ға төмендеді, жұмыс орнында барлығы 27 өлім тіркелді, олардың 90%-ы қан айналымы ауруларынан, оның ішінде жүрек-қан тамырлары ауруларынан туындаған.

Жұмыскерлер арасында жүрек-қан тамырлары ауруларының жоғары пайызының ықтимал себептерінің бірі – COVID-19 пандемиясынан кейінгі асқынулар немесе «постковид синдромы».

2022 жылы жұмыс орнындағы денсаулығының нашарлау жағдайларының саны 6 384-не (2021 жылы 3 877) дейін өскені тіркелді. Денсаулықтың нашарлау жағдайларының

көбеюінің себептерінің бірі – COVID-19 пандемиясы. 2022 жылы 201 463 жұмыскер (тексерілуге жататын 207 407 жұмыскер) мерзімді медициналық тексеруден өтті.

Денсаулықтың нашарлау жағдайларын азайту, сондай-ақ физикалық әл-ауқатты жақсарту, жұмыскерлердің өмір сүру сапасын арттыру үшін пайдалы әдеттерді қалыптастыру мақсатында портфельдік компанияларда мынадай жұмыстар жүргізіледі:

- 1) жыл сайынғы медициналық тексеру, ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі жұмыскерлердің денсаулық жағдайына бақылау жүргізіледі; медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу, сондай-ақ одан әрі бақылау, емдеу және оңалту бойынша ұсынымдар беріледі;
- 2) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесімен келісілген





жұмыскерлерді сауықтыру және еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі жыл сайынғы іс-шаралар жоспары әзірленеді;

- 3) жұмыскерлерді сауықтыруға бағытталған спартакиадалар, кәсіпорындарда және ПҚ-ның орталық аппараттарында спорттық іс-шаралар өткізіледі;
- 4) медицина жұмыскерлері өндірістік объектілерде қан айналымы жүйесі ауруларының, темекі шегудің, алкогольизмнің, дұрыс тамақтанбаудың алдын алу бойынша дәрістер мен әңгімелер түрінде санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізеді;
- 5) жұмыскерлер санаторий-курорттық емделуге жіберіледі, сауықтыру мақсатында демалысқа материалдық нөмен беріледі;
- 6) «Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ-да Қордың ұсынысы бойынша 4 индикатордан тұратын өндірістің қауіпсіздіктің жаңа көрсеткіші, оның ішінде басқарудың желілік және өңірлік деңгейлеріне каскадтаумен өліммен аяқталатын денсаулық жағдайының нашарлау жиілігінің коэффициенті белгіленді. [GRI 403-6](#), [GRI 403-7](#)

## Дамудың одан арғы бағыттары

Біздің 2023 жылға арналған мақсатымыз – Қордың корпоративтік тиімділігі болып табылатын LTIFR 0,14 көрсеткішіне қол жеткізу. Сонымен қатар портфельдік компаниялардың ҚТЖ-ға жарақаттану жағдайларын азайтуға оң әсер етуі тиіс қауіпсіздік бойынша мінез-құлық бақылауларын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі карточкаларды тіркеу, мердігерлік ұйымдардың аудиттерін жүргізу және басқалары енгізілген.

Біз жұмыскерлердің қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру, топ-менеджмент көшбасшылығын дамыту, жабдықтың сенімділігін қамтамасыз ету және ТЖ алдын алу бойынша пәрменді әдістерді қолдану жөніндегі жұмысымызды жалғастыруға ниеттіміз.

Осы мақсаттар үшін Қордың Басқарма Төрағасы белгіленген мерзімдері бар 38 нақты іс-шарадан тұратын 2023 жылға арналған өндірістің қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірленді және бекітілді, оның ішінде:

- қауіпсіздік мәдениеті бойынша барлық өндірістік персоналды 100% оқыту;
- ынталандыру жүйелерін енгізу және қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін жауапкершіліктің нақты өлшемдерін айқындау;
- ең қауіпті жұмыс түрлерін қауіпсіз жүзеге асыру әдістері бойынша нұрстар әзірлеу және жұмыскерлерді оқыту;
- техникалық қайта жарақтандыру жоспарларының орындалуын әзірлеу және бақылау;
- «Lockout/tagout» (LOTO) бұғаттау және таңбалау рәсімін енгізу;
- есептілікті автоматтандыру және цифрлық шешімдерді қолдану бойынша жұмысты жалғастыру.

Оның ішінде портфельдік компаниялармен келесі құралдарды енгізу және қаржыландыру мәселесі пысықталуда:

- теміржол жылжымалы құрамының жол жұмыстарын жүргізу орнына жақындағаны туралы автоматты түрде хабарлау;
- вагондардың алға жылжуы кезіндегі қашықтықтан бейнебақылау жүйесі – «техникалық көру»;
- жұмыскерлерді орналастыру жүйесі;
- ірі габаритті техниканы қауіпті аймақтардың жарық индикаторымен жарақтандыру;
- білезіктермен және басқа шешімдермен жұмыскерлердің денсаулығын бақылау.
- жұмысты жүйелеу және ықтимал ТЖ-ға жедел ден қою үшін тұрақты жұмыс істейтін штаб құру;

- Қорды және мемлекеттік органдарды тарта отырып, апатты, ТЖ жою бойынша командалық-штабтық оқу-жаттығулар өткізу;
- жұмыс аймағының ауасындағы қауіпті заттардың ШРҚ асып кетуін автоматты режимде бақылауға мүмкіндік беретін қосымша аспаптарды талдау және қажет болған жағдайда орнату;
- мердігерлік ұйымдарды басқару жөніндегі жұмысты жалғастыру.

2022 жылы мердігерлік ұйымдарда өндірістің қауіпсіздік саласындағы аудиттер кезінде анықталған сәйкессіздіктер саны 15 863 құрады, оның ішінде 14 707 жойылды. Осылайша, 2023 жылдан бастап Қордың компаниялар тобына кірмейтін мердігер ұйымдармен өндірістің қауіпсіздік саласында жауапты мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуді жалғастыру туралы шешім қабылданды. Жұмыстың алғашқы кезеңдерінің бірі мердігер ұйымдарда өндірістің қауіпсіздіктің жағдайы туралы есептілікті компанияларға енгізу болып табылады. Келер жылдан бастап объектілерде жұмыстарды жүзеге асыратын мердігер ұйымдармен компаниялардың өңірлік бөлімшелерінің басшылығымен тоқсанына кемінде 1 рет кеңестер өткізу жауапкершілігі бекітілді, бұл мердігер ұйымдар арасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Қор өндірістің қауіпсіздік жүйесін жетілдіруде жүйелі жұмысты жалғастырады және көшбасшылық танытатын және еңбек қауіпсіздігі талаптарын саналы түрде сақтайтын компаниялар тобының әрқайсысын қолдайды, әріптестерін осыған шақырады. [GRI 403-6](#)

# ҚОРШАҒАН ОРТА

”

Біз өзіміз жұмыс істейтін аймақтарда экологиялық стандарттарды сақтау және қоршаған ортаны қорғау жауапкершілігін мойындаймыз, сондықтан біз күн сайын өз жұмысымызды жақсартуға тырысамыз және болашақ қиындықтар мен мүмкіндіктерге жауап беруге дайынбыз.

05

## Неліктен бұл біз үшін маңызды?

Біз өз жұмысымыздың жағымсыз әсерлерін барынша азайту үшін қоршаған ортаны қорғау көрсеткіштерін жақсартуды міндеттеміз және қазіргі және болашақ ұрпақтардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін болашақ қиындықтар мен мүмкіндіктерге жауап беруге дайынбыз.



### Біздің мақсаттарымыз бен міндеттеріміз:

- 2032 жылға қарай ЖЭҚ және СЭС-тің электр энергиясын өндірудегі үлесі 26% (2021 жылғы деңгейден)
- 2032 жылға қарай 5,8 млн тонна CO<sub>2</sub>-балама офсеттің жобалар портфелін қалыптастыру (2021 жылғы деңгейден)
- Мұнай және газ өндіруші объектілерде нөлдік тұрақты жағуға қол жеткізу
- Қор деңгейінде биоәртүрлілікке әсер ету тәуекелдерін басқару және ақпаратты ашудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу
- Су ресурстарын басқару бағдарламаларын әзірлеу

Маңызды тақырыптар	Әсер ету түрі	Тікелей әсер ету	Жанама әсер
Энергия	-	● ● ●	
Су және ағынды сулар	-	● ● ●	
Биоалуантүрлілік	-	●	● ●
Шығарындылар	-	● ● ●	
Жергілікті қауымдастықтар	+-	● ●	

Әсер ету түрі: + оң – теріс

### Материалдық деңгейі:

- ● ● күшті
- ● орташа
- әлсіз

Біз бар аймақтардағы экологиялық ережелерді сақтау және қоршаған ортаны қорғау үшін жауапкершілігімізді мойындаймыз, сондықтан біз күн сайын көрсеткіштерімізді жақсартуға тырысамыз және болашақ қиындықтар мен мүмкіндіктерге жауап беруге дайынбыз. [GRI 413-1](#)

Біз қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша халықпен өзара іс-қимыл бойынша жүйелі жұмыс жүргіземіз. Біз сақтық қағидасының негізгі ережелерімен бөлісеміз (Рио-де-Жанейраның БҰҰ қоршаған ортаны қорғау және даму декларациясының 15-қағидасы, 1992). Жаңа жобалар мен объектілерді іске қосу алдында міндетті түрде, біз қоғамдық пікірді анықтау және оның әсерді бағалау процесінде есепке алу мақсатында жоспарланған қызмет және оның ықтимал әсері туралы жұртшылықты хабардар етуге бағытталған қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) шеңберінде іс-шаралар нешенин жүргіземіз. Біз барлық мүдделі тараптардың ҚОӘБ жобаларына қол жеткізуін, ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды және тіркеуді қамтамасыз етеміз. Материалдар халықты жоспарланған іс-шаралармен таныстыру мақсатында жергілікті билік органдарының веб-сайттарында және БАҚ-та орналастырылады. [GRI 3-3](#)

## ПАРНИКТИК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

Соңғы қол жетімді деректер бойынша Қордың портфельдік компанияларының ел ауқымындағы парниктік газдардың тікелей шығарындыларына қосқан үлесі 14,4%-ға бағаланады, бұл ретте CO<sub>2</sub> (көмірқышқыл газы) шығарындыларының көлемі елдің CO<sub>2</sub> шығарындыларының 15,7%-ын құрайды.

2022 жылы Қор тобының көміртегі әсері (парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындылары) 60,9 млн тоннаны құрады CO<sub>2</sub>-балама<sup>16</sup>. Дегенмен, Қордың көміртегі әсері деректері квоталау жүйесімен қамтылмаған қондырғыларды қамтымайды, сондай-ақ жанама шығарындылар туралы деректер жанама шығарындылар туралы деректерді беру талаптарының болмауына байланысты толық болмауы мүмкін<sup>17</sup>.

Тікелей шығарындылар 50,7 млн тоннаны құрады CO<sub>2</sub>-баламаны. [GRI 305-1](#) Жанама шығарындылар көлемі 10,2 млн тонна CO<sub>2</sub>-баламаны құрады. [GRI 305-2](#) Парниктік газдардың тікелей шығарындыларының көлемі 2021 жылғы көрсеткіштен 10,9 млн тонна CO<sub>2</sub>-балама төмен, жанама шығарындылар көлемі 2021 жылғы көрсеткіштен 0,3 млн тонна CO<sub>2</sub>-балама төмен. [GRI 305-4](#) Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы млн теңгеге түсімге 108,9 тонна CO<sub>2</sub>-баламаны құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 27,5%-ға төмен. Бұл өзгерістер есепті жылы метан шығарындыларын есептеу әдістемесін қайта қарауға байланысты<sup>18</sup>. [GRI 305-5](#)

CO<sub>2</sub> (көмірқышқыл газы) тікелей шығарындылары 2021 жылғы деңгейден 1,1%-ға қысқарды және 44,9 миллион тонна CO<sub>2</sub> (2021 жылы 45,4 миллион тонна CO<sub>2</sub>) құрады, бұл парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі бірқатар бастамалардың нәтижесі. [GRI 305-1](#), [GRI 305-5](#)

Қазақстандық шығарындылар саудасы жүйесімен парниктік газдар шығарындыларына квоталарды бөлудің ұлттық жоспарына кіретін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (қондырғылар операторлары) тобының 14 еншілес және тәуелді ұйымдары қамтылған. Қондырғы операторлары жыл сайынғы негізде аккредиттелген тәуелсіз ұйым тексеруге жататын парниктік


<sup>16</sup> Қордың төмен көміртенгі дамыту тұжырымдамасына сәйкес 2021 жылы көміртегі ізі 75 миллион тонна CO<sub>2</sub>-балама болды, бұл парниктік газдар шығарындыларының барлық көздерінің Тұжырымдамасын неғұрлым жан-жақты қамтумен байланысты, сондай-ақ метан шығарындыларын есептеу мен есепке алудың басқа әдістемесін қолдану.

<sup>17</sup> 2020 жылға арналған деректер Қазақстан Республикасының 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы туралы.

<sup>18</sup> Парниктік газдар шығарындылары көлеміндегі елеулі өзгерістер Қордың төмен көміртенгі дамыту тұжырымдамасына сәйкес есептеу әдістемесі мен көлемін қайта қараумен байланысты. Қордың төмен көміртенгі дамыту тұжырымдамасына сәйкес 2021 жылы көміртегі ізі 75 млн тонна CO<sub>2</sub>-балама.

## № 8 СУРЕТ. ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (КӨМІРТЕГІ ІЗІ ЖӘНЕ ТІКЕЛЕЙ ЖӘНЕ ЖАНАМА ШЫҒАРЫНДЫЛАРҒА БӨЛУ)

### СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ТІКЕЛЕЙ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (1-ҚАМТУ)



- Электр энергетикасы секторы 33 млн т CO<sub>2</sub>-балама (2021 жылы 40,3 млн т CO<sub>2</sub>-балама)
- Мұнай-газ секторы 14,1 млн т CO<sub>2</sub>-балама (2021 жылы 18 млн т CO<sub>2</sub>-балама)
- Көлік-логистика секторы 3,4 млн т CO<sub>2</sub>-балама (2021 жылы 3,1 млн т CO<sub>2</sub>-балама)

**65%** Тікелей шығарындардың электр энергетикасы секторына тиесілі

**83%** Тікелей шығарындардың алауды жағуды қоса алғанда, қазба отындарын жағудың стационарлық көздерінен келеді


**8%** Тікелей шығарындардың өндірістік процестердің шығарындарынан келеді

газдарды түгендеу туралы есептерді әзірлейді. Квоталанатын қондырғылардың парниктік газдар шығарындарына квоталар саудасының ұлттық жүйесі шеңберінде парниктік газдар шығарындарын азайту жөніндегі міндеттемелері болады. Квоталанатын қондырғылардың үлесіне 34 млн тонна CO<sub>2</sub> тиесілі.

Қор қызметінің құрылымына, парниктік газдар шығарындары туралы ақпаратты ашу жөніндегі халықаралық талаптар мен нұсқаулықтарға сәйкес шығарындарды бағалау мынадай аспектілер бойынша жүргізіледі:

- көмірсутек отыны мен заттарды жағуға, ұшпа шығарындарға (ағып кетулерге), кез келген өндірістік объектілердің және жүзеге асырылатын

### ҚОРДЫҢ КӨМІРТЕГІ ІЗІ, МИЛЛИОН ТОННА CO<sub>2</sub>-БАЛАМА




- Тікелей парниктік газдар шығарындары
- Жанама парниктік газдар шығарындары

өндірістік процестердің жұмыс істеуіне байланысты парниктік газдардың тікелей шығарындары Scope 1 шығарындары (сондай-ақ әдістемелік нұсқауларға сәйкес есептілік мақсаттары үшін);

- электр энергиясын, жылу энергиясын, ыстық суды және буды тұтынумен байланысты жанама энергия шығарындары Scope 2 бойынша шығарындар;
- Scope 3 бойынша шығарындар – компанияның құндылығын құру тізбегінде туындайтын парниктік газдардың барлық басқа шығарындары, атап айтқанда сатылған өнімді пайдалану кезіндегі шығарындар (11-санат – «Use of Sold Products»). «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ сияқты Қордың портфельдік компаниялары Scope 3 бойынша парниктік газдар шығарындарын есептеуді жүзеге асыруда.

### СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША ЖАНАМА ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (2-ҚАМТУ)



- Мұнай-газ секторы 3,3 млн т CO<sub>2</sub>-балама (2021 жылы 3,4 млн т CO<sub>2</sub>-балама)
- Көлік-логистика секторы 3,2 млн т CO<sub>2</sub>-балама (3,2 млн т CO<sub>2</sub>-балама 2021 жылы)
- Электр энергетикасы секторы 2,6 млн т CO<sub>2</sub>-балама (2,9 млн т CO<sub>2</sub>-балама 2021)
- Тау-кен металлургия секторы 0,86 млн т CO<sub>2</sub>-балама (0,87 млн т CO<sub>2</sub>-балама 2021 жылы)
- Телекоммуникация секторы

Жанама шығарындардың **100%** сатып алынған электр энергиясының шығарындары (нарықтық әдіс) млн т CO<sub>2</sub>-балама

Жанама шығарындарға мұнай-газ, көлік-логистикалық және электр энергетикасы секторлары үлкен үлес қосады

«ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ № 11 «Сатылған өнімдерді пайдалану» санатына сәйкес шығарындар бойынша ақпаратты ашады. Қордың басқа да портфельдік компанияларында Scope 3 бойынша есептілікті кезең-кезеңімен дамыту жоспарлануда. [GRI 305-3](#)

Парниктік газдар шығарындарын есептеу «Парниктік газдар шығарындарын есептеу жөніндегі жекелеген әдістемелерді бекіту туралы» 2010 жылғы 5 қарашадағы № 280-п бұйрығына, «Парниктік газдар шығарындары мен сіңірулерін есептеу жөніндегі әдістемелерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 9 бұйрығына, «Парниктік газдарды түгендеу мониторингі мен бақылау қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 19 наурыздағы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің №221 бұйрығына, «Парниктік газдарды түгендеу туралы есептер нысандарын беніту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. №502 бұйрығына, «Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу жөніндегі әдістемелерді беніту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №371 бұйрығына, «КӨСҮТ-нің парниктік газдарды ұлттық түгендеудің басшылық қағидаттарына» сәйкес жүргізіледі. [GRI 305-1](#), [GRI 305-2](#)

Қордың парниктік газдарының негізгі эмитенттері электр және жылу өндіру секторы (54,2%) және көмірсутектерді барлау, өндіру, тасымалдау, өңдеу секторы (28,6%). Парниктік газдар шығарындылары туралы ақпаратты ашуды қамтуға Қордың операциялық бақылауындағы және Қазақстан Республикасының парниктік газдар шығарындылары саласындағы ұлттық реттеуге жататын портфельдік компаниялар кірді. Түгендеу шекараларына шетелдік активтер, сондай-ақ Қордың қаржылық бақылауындағы портфельдік компаниялар енгізілмеген. [GRI 305-1](#), [GRI 305-2](#)

Электр энергиясы мен жылу өндіру секторының тұтынатын электр энергиясының негізгі үлесі қазба отындарын

пайдалана отырып өндіріледі. Жанармайды жағу нәтижесінде климаттың өзгеруіне әсер ететін парниктік газдар ауаға түседі. 2022 жылы тікелей көлем CO<sub>2</sub> (көмірқышқыл газы) шығарындылары сектор бойынша 32 млн тоннаны құрады CO<sub>2</sub>, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 3%-ға төмен. Меншікті шығарындылар көлемі 2021 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 0,02 млн тонна CO<sub>2</sub>/млн кВт\*сағ-қа қысқарып, 0,8 млн тонна CO<sub>2</sub>/млн кВт\*сағ-ты құрады.

Көмірсутектерді барлау, өндіру, тасымалдау, өңдеу секторының өндірістік қызметі де қазба отындарын пайдаланумен байланысты. 2022 жылы CO<sub>2</sub> (көмірқышқыл газы) секторының шығарындыларының көлемі 9,8 млн тонна CO<sub>2</sub> құрап, 2021 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 3,1%-ға өсті. Көмірсутектерді барлау, өндіру, тасымалдау, қайта өңдеу секторы бойынша парниктік газдар шығарындыларының үлес көлемі 1000 тонна КСШ-ға 0,0003 млн тонна CO<sub>2</sub>-ні құрады.

2018 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ CDP – инвесторлардың тікелей және жанама парниктік газдар шығарындылары және климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер туралы ақпаратты ашу жөніндегі бастамасына, соның ішінде тауарлық өнімнің ұңғымадан бастап оны түпкілікті пайдалануға дейінгі барлық көміртегі әсерін бағалауға қатысатынын мәлімдеді.

2022 жылғы шілдеде CDP алаңында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның 2021 жылға арналған Климаттық сауалнамасы жарияланды, ол Румыния мен Грузиядағы еншілес ұйымдарды қоса алғанда, компанияның барлық активтері бойынша парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларының көлемі туралы деректерді қамтиды. Сондай-ақ CDP халықаралық климаттық рейтингін алу «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2023 жылға арналған жоспарында бар.

Басқа портфельдік компаниялардың парниктік газдар шығарындыларының үлесі шамалы. Барлық портфельдік компаниялар бойынша көрсеткіштерді 9-қосымшадан таба аласыз.

Біз өз қызметімізде климаттың өзгеруіне әсер ететін озонды бұзатын заттардың елеулі шығарындыларын жүзеге асырмаймыз, осыған байланысты Қор деңгейінде бұл көрсеткіш шоғырландырылмайды. Мерзімді бақылау және мониторинг жүргізіледі. Климаттың өзгеруі мәселелері тәуекелдерді анықтауды және қоршаған ортаға жүктемені азайту бойынша шаралар қабылдауды талап етеді. [GRI 305-6](#)

## АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫҢ САПАСЫ

2022 жылдың қорытындысы бойынша Қор тобы бойынша ластаушы заттардың жалпы саны – 608,7 мың тоннаны құрады, 2021 жылға қарағанда 1,1%-ға (615,3 мың тонна) төмендеді. [GRI 305-7](#)

Электр энергиясы мен жылу өндіру секторына ластаушы заттар шығарындыларының 59% (немесе 358,1 мың тонна) келеді, бұл 2021 жылғы деңгейден 0,08%-ға жоғары (2021 жылы 357,7 мың тонна). Жыл сайын осы сектордағы ластаушы заттардың үлестік шығарындылары төмендейді: 2022 жылдың қорытындысы бойынша ЖЭК және СЭС, газ

ЖЭО-1 (өндірілетін электр энергиясының бірлігіне) өндіру үлесінің ұлғаюының арқасында 2021 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 2%-ға төмендеді.

Мұнай мен газды өндіру және қайта өңдеу секторында 2022 жылдың қорытындысы бойынша ластаушы заттардың жалпы саны 120,6 мың тоннаны құрап, 2021 жылдан бастап 9,4%-ға (110,2 мың тонна) ұлғайды. Қордан осы сектордың үлесі 2022 жылы 20%-ды құрайды. 2022 жылы мұнай мен газды өндіру және қайта өңдеу секторында ластаушы заттар шығарындыларының ұлғаюы күрделі жөндеуден кейін

«Қаламқас» ГҚЭС номиналды режиміне шығуына байланысты энергия ресурстарын тұтынудың өсуімен, сондай-ақ «ПетроҚазақстанОйл Продактс» ЖШС бойынша мұнай өңдеу көлемінің 20%-ға ұлғаюымен байланысты.

Газ тасымалдау секторы Қордың ластаушы заттар шығарындыларының 20%-ы тиісті (2021 ж. – 23 %). Ластаушы заттардың көлемі 123 мың тоннаны құрап, 2021 жылдан бастап 11,4%-ға (139 мың тонна) төмендеді.

## 9-КЕСТЕ. ІС-ШАРАЛАР ТҮРІ БОЙЫНША ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН ЖАЛПЫ ШЫҒЫСТАР МЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАР, МЛН ТЕҢГЕ

Іс-шаралардың түрі	2021	2022
Технологияларды енгізу	4 579,8	1 150,7
Энергия тиімділік	184,4	920,7
Зерттеулер мен әзірлемелер	727,6	890,7
Эмиссиялар үшін төлемдер	13 716,6	13 747
Басқа да	36 100,1	39 575

Темір жол тасымалы секторына Қордың ластаушы заттар шығарындыларының 0,8%-ы тиіселі. 2022 жылдың қорытындысы бойынша шығарындылар 2021 жылға қарағанда 6,4 мың тоннадан 5,1 мың тоннаға дейін 18,7%-ға төмендеді. Шығарындыларды жыл сайын азайтуға жаңа тепловоздарды енгізу, аралас жылытуы бар жаңа жолаушылар вагондарын сатып алу, қазандықтарды

қатты отыннан газ тәрізді отынға ауыстыру және өндірістің ғимараттарды жылытуды электр жылумен жабдықтауға қосу есебінен қол жеткізіледі.

Пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу секторы Қордың ластаушы заттар шығарындыларының 1%-дан азын құрайды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша сектордағы ластаушы заттардың жалпы саны 1,4 мың тоннаны құрады, шығарындылар көздерін газ тәріздес заттарды тазарту жөніндегі қосымша қондырғылармен жарақтандыруға және қолда бар газ тазарту жабдығы жұмысының тиімділігін арттыруға және өндіріс көлемінің қысқаруына байланысты 2021 жылғы көрсеткішпен (1,5 мың тонна) салыстырғанда 5%-ға төмендеді.

Қордың қалған портфельдің компаниялары бойынша ластаушы заттардың үлесі кемінде 1%-құрайды. [GRI.305-7](#)

Қоршаған ортаға әсерін азайту үшін оны қорғауға жыл сайын қаражат бөлінеді. 2022 жылы қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығыстар мен инвестициялар 56 284 млн теңгені құрады, бұл 2021 жылғы шығыстардың 1,8%-на артық.

## Дамудың одан арғы бағыттары

Біз ластаушы заттардың шығарындыларын азайтуға бағытталған іс-шараларды іске асыруды жалғастыруды жоспарлап отырмыз: технологиялық жабдықтарды жаңғырту, энергия үнемдеу технологияларын енгізу, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ меншікті төмен көміртекті генерациялау көздерін дамыту, сондай-ақ ең үздік қолжетімді техникаларды (таза көмір технологиялары, сондай-ақ шығарындыларды ұстау технологиялары) қолдану.



# ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН БАСҚАРУ

Төмен көміртенкті даму саласындағы мақсаттарымызға қол жеткізудегі негізгі бағыттардың бірі отын-энергетикалық ресурстарды барынша ұтымды пайдалану. Осыған байланысты біз барлық портфельдік компанияларда энергия тиімділігін арттыруға және энергия мен ресурс үнемдеуге көп көңіл бөлеміз. Қорда 2027 жылға дейін Қор тобының энергия және ресурс үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру саласындағы мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын, сондай-ақ энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асырудың басым бағыттары мен қағидаттарын белгілейтін Энергия және ресурс үнемдеу бағдарламасы қабылданды. [GRI 3-3](#)


Есепті жылы Қор ішіндегі энергияның жалпы шығыны 594,1 млн ГДж<sup>19</sup> құрады, 2021 жылмен салыстырғанда 0,08% шамалы өсім байқалады. 2018–2022 жылдар кезеңінде энергетикалық ресурстарды тұтыну деңгейінің 6,9%-ға өсуі байқалды, бұл «Самұрық-Энерго» АҚ көмір ГРЭС-на электр энергиясын өндірудің ұлғаюына, «Karabatan Utility Solutions» ЖШС Қарабатан газ турбиналық электр станциясының іске қосылуына, өз қажеттіліктері мен технологиялық шығындарға газ тұтынудың өсуіне байланысты, нәтижесінде көмір мен табиғи газды тұтыну ұлғайды. [GRI 302-1](#)

Қор бойынша жаңартылмайтын көздерден энергия тұтыну құрылымында 2022 жылы тас көмір шамамен 55%, газ – 18% (оның ішінде табиғи газ – 15%, басқа түрлері – 3%), сұйық отын – 8% (оның ішінде дизель отыны – 5%, басқа түрлері – 3% алады), мұнай зауытының газы мен электр энергиясы сыртқы көздерден – 7%-дан келеді. [GRI 302-3](#)

Энергия ресурстарын ең көп тұтыну электр энергиясы мен жылу өндіру секторына тиесілі – компания қызметінің ерекшеліктеріне байланысты 57% (2022 жылы 340,2 млн ГДж). Тұтынудың негізін Қордың көмір электр станцияларында электр және жылу энергиясын өндіру үшін оны тұтыну жылына

18 млн тоннадан асатын «Богатырь» разрезіндегі көмір құрайды. Есепті жылы электр энергиясы мен жылу өндіру секторының меншікті энергия тұтынуы – 9,5 ГДж/мың кВт\*сағ құрады. [GRI 302-3](#)

## №9 СУРЕТ. ЖАЛПЫ ЭНЕРГИЯНЫ ТҰТЫНУ, МЛН ГДЖ




Мұнай мен газды өңдеу секторы Қордың энергетикалық ресурстарын жалпы тұтынудың 12%-ын (2022 жылы 68,6 млн ГДж) құрайды. Сектордың меншікті энергия тұтынуы – 3,8 ГДж/тонна өңделген мұнай (газ). Мұнай мен газды барлау және өндіру секторы Қордың энергетикалық ресурстарын жалпы тұтынудан шамамен 10%-ын (2022 жылы 58,2 млн ГДж), газ мұнайын тасымалдау секторы – 8%-ын (2022 жылы 49,5 млн ГДж) тұтынады. Мұнай мен газды барлау және өндіру секторында меншікті энергия тұтыну өндірілген КСШ-ның 2,8 ГДж/тоннасын, газ мұнайын тасымалдау секторында-тасымалданған мұнайдың (газдың) 0,7 ГДж/тоннасын құрады. [GRI 302-3](#)

Темір жол тасымалы секторының үлесі Қордың энергия ресурстарын жалпы тұтынуынан 7%-ын (2022 жылы 40,9 млн ГДж) құрайды. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ балансында 16 мың шақырымнан астам темір жол және 1,7 мыңға жуық локомотив бар. Поездардың тартылуына сыртқы көздерден электр энергиясы (2022 жылы 29% – 11,8 млн ГДж) және дизель отыны (2022 жылы 64% – 26,4 млн ГДж) жұмсалады, бұл сектордың жалпы тұтынуының шамамен 93%-ын құрайды. Қалған секторлардың үлесіне энергия ресурстарын жалпы тұтынудың 7%-ы тиесілі.

2022 жылы жаңартылатын көздерден энергия тұтыну – 96 мың ГДж-ны құрады, оның ішінде 43 мың ГДж сатылып алынады, 53 мың ГДж – меншікті өндіріс. [GRI 302-1](#)

Энергия және ресурс үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар аясында 2022 жылы энергия үнемдеудің жиынтық көлемі – 16,5 млн ГДж-ны құрады. Электр энергиясы мен жылу өндіру секторы отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайтуға бағытталған 58 іс-шараны орындады, бұл 14,2 млн ГДж отынды үнемдеуге мүмкіндік берді. Сектордың электр энергиясын тұтынуы 2022 жылдың қорытындысы бойынша өткен жылға қарағанда 2%-ға төмендеді, сондай-ақ өткен жылға қарағанда жылу энергиясын тұтыну айтарлықтай төмендеді (7%-ға). [GRI 302-4](#)

## №10 СУРЕТ. 2022 ЖЫЛЫ ЖАҢАРТЫЛМАЙТЫН КӨЗДЕРДЕН ЭНЕРГИЯНЫ ТҰТЫНУ, %



<sup>19</sup> Бұл көрсеткіш газдың технологиялық ысыраптарын қамтымайды.

Мұнай мен газды өңдеу, барлау және өндіру және тасымалдау секторларында ағымдағы жылы төмен көміртенді даму жоспары бойынша 49-дан астам іс-шара орындалды, отын-энергетикалық ресурстардың жылдық есептік үнемделуі 2,1 млн ГДж-ны құрады.

## Дамудың одан арғы бағыттары:

2027 жылға дейін энергия үнемдеу саласындағы біздің негізгі міндеттеріміз:

- Қордың бес ірі компаниясы өнімінің энергия сыйымдылығын 2027 жылға қарай (базалық 2021 жылдан бастап) 10%-ға төмендету, бұл Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімінің энергия сыйымдылығын төмендету жөніндегі міндеттерді шешуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;
- технологиялық процестерді тиімді басқару және инновациялық технологиялар мен жабдықтарды қолдану негізінде өндірістік процестердің энергетикалық тиімділігін үнемі арттыру;
- Бағдарламаның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін оңтайлы ұйымдастырушылық және экономикалық жағдайлар жасау;
- отын-энергетика және су ресурстарын тиімді пайдалану және тұтынуды азайту;
- энергия менеджменті жүйесінің энергия тиімділігі көрсеткіштері жүйесін енгізу.

Электр энергиясы мен жылу өндіру секторында көмір генерациясының жаңа объектілерін салу және жұмыс істеп тұрған станцияларды жаңғырту жаңа станциялардың негізгі және қосалқы жабдықтары шартты отынның үлестік шығыстарын төмендету мақсатында жаңа энергия тиімді технологияларды қолдануды ескере отырып белгіленеді, бұл кейіннен парниктік газдар шығарындыларының төмендеуіне әсер етеді деп болжайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2022–2060 жылдарға арналған энергетикалық көшу бағдарламасын іске асыру шеңберінде сектор генерация құрылымындағы жаңартылатын энергия көздерінің үлесін ұлғайту бойынша жұмыс жүргізуде. Бағдарламаның мақсаты – 2060 жылға қарай «Самұрық-Энерго» АҚ нетто көміртегі әсерін төмендету.

Көміртегі әсерін азайту және электр энергиясына өсіп келе жатқан сұранысты қамтамасыз ету бойынша нысаналы көрсеткішке қол жеткізу үшін жиынтық қуаты шамамен 6 000 МВт ЖЭС және СЭС бірқатар жаңа жобаларын іске асыру қажет болады. 2060 жылға қарай «Самұрық-Энерго» АҚ шамамен 200 МВт күн генерациясын, сондай-ақ қуаты 20 МВт ГеоТЭС пилоттық жобасын салуды жоспарлап отыр. «Самұрық-Энерго» АҚ сонымен қатар әмбебап қайталама энергия тасымалдаушы ретінде көміртегі әсерін азайту үшін сутегі энергетикасын дамыту перспективаларын зерттеуді жоспарлауда.

Мұнай мен газды өңдеу, барлау және өндіру және тасымалдау секторларында 2022–2031 жылдарға арналған төмен көміртенді даму бағдарламасы әзірленді, оның шеңберінде энергия үнемдеу саласында мынадай мақсаттар қойылды:

- энергоменеджменттің автоматтандырылған жүйесін өндірістік процеспен үйлестіру;
- рационализаторлық ұсыныстар енгізу үшін «ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ жұмыснерлерін ынталандыру құралдарымен энергия тиімділігін арттыру саясатын енгізу;
- энергия тұтыну және ресурс үнемдеу саласындағы нормативтік-техникалық базаны оңтайландыру.

2022–2031 жылдарға арналған төмен көміртенді даму бағдарламасы аясында «ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ ЖЭС-ті пайдалануды дамытуды жоспарлап отыр.





# БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ

Қазіргі адамзаттың маңызды міндеттерінің бірі-планетадағы биологиялық әртүрліліктің тұрақты төмендеуі. Ғалымдар арасында тек адам қызметінің нәтижелерінен туындаған түрлердің алтыншы жойылуы туралы айту қабылданған. 2022 жылы Канадада биоалуантүрлілік саласындағы Куньмин-Монреаль негіздемелік бағдарламасына қол қойылған БҰҰ биологиялық әртүрлілік туралы конвенциясы (COP15) тараптары конференциясының 15-ші отырысы таяу жылдардағы әлемдік қоғамдастық үшін биологиялық әртүрлілік мәселелерінің өзектілігін айқындаған негізгі оқиға болып саналады.

Инвестициялық нарық сонымен қатар осы мәселелерге назар аударудың айтарлықтай артқанын көрсетті. Осылайша, Табиғатқа байланысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі жұмыс тобының (TNFD) жұмысы жандандырылды, ол қаржы институттарын, корпорацияларды және жиынтығында 20 трлн АҚШ долларын басқаратын нарықтық қызметтерді жеткізушілерді біріктіреді. Әлемдік жетекші рейтингтік агенттіктер де өз өнімдерін биоалуантүрлілікті сақтау мәселелеріне бейімдей бастады. Мәселен, мысалы, MSCI рейтингтік агенттігі биоалуантүрлілік тәуекелдерін геоақпараттық талдау бойынша шешімдер әзірледі.

Өндірістік активтердің үлкен көлеміне және Қазақстан өңірлерінде кең географиялық қатысуына ие бола отырып, Қор жаһандық үрдістерден қалыс қалмауды қажет деп санады және биологиялық әртүрлілікті сақтау мәселелерін маңызды басымдықтар қатарына қойды. 2022 жылы Компаниялар тобы бойынша биоалуантүрлілікті сақтау саласында бірыңғай стратегияның болмауына қарамастан, бұл мәселе тұрақты даму жөніндегі есептілікте ақпаратты ашу процестері шеңберінде Қор басшылығының назарында болады.

Бұл ретте біз 2017 жылдан бастап биологиялық әртүрлілік мәселелеріне назар аударамыз. 2022 жылы «Қазақтелефон» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ сияқты Қор тобының кейбір портфельдік компаниялары биоалуантүрлілікке әсерді басқару жөніндегі басшылық құжаттарды әзірлеп, бекітті.

Осы есепте біз биоалуантүрлілікке әсер ету мәселелері бойынша шоғырландырылған ұстанымды ашу тәжірибесін бастаймыз. Болашақта біз биоалуантүрлілікті сақтауға байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау мәселелеріне барынша көп көңіл бөлуге ниеттіміз. [GRI 3-3](#)

## ҚАТЫСУ АУМАҒЫНА GRI ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША БЫҚТИМАЛ ӘСЕР ЕТУ [GRI 304-1, 304-2](#)

Қор тобының компаниялары әртүрлі масштабтарға, қызмет бағыттарына және географиялық қатысуға ие. Осы жағдайға байланысты Қор тобының биоалуантүрлілікке әсер етуінің мүмкін жолдары әр түрлі болуы мүмкін.

### Маңызды сызықтық инфрақұрылым

Қордың тобы Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде жинақталған түрде қатысады. Бұл, ең алдымен, кең желілік инфрақұрылымы бар компанияларға қатысты. Атап айтқанда, «ҚазТрансОйл» АҚ және «QazaqGaz» ҰН» АҚ магистральдық мұнай және газ құбырлары, «KEGOC» АҚ магистральдық электр беру әуе желілері, «Самұрық-Энерго» АҚ таратушы электр энергетикалық компанияларының электр беру әуе желілері, «Қазақстан темір жолы» ҰН» АҚ темір жолдары, «Қазақтелефон» АҚ кабельдік телекоммуникациялық

желілері, Қазақстанның көптеген, ал кейбір жағдайларда барлық өңірлері бойынша салынған. Мұндай инфрақұрылым, әдетте, орманды-дала, су маңы, дала, шөлейт және шөлді биотоптарға әсер етеді, олар негізінен ұсақ шоқыларда, таулы және жазық рельефтерде кездеседі.

Аталған кейбір портфельдік компаниялардың және/немесе олардың еншілес ұйымдарының инфрақұрылымы биоалуантүрлілікті сақтау үшін маңызды аумақтарға жақын немесе арқылы өтеді: биоалуантүрліліктің негізгі аумақтары, негізгі орнитологиялық аумақтар немесе ерекше қорғалатын табиғи аумақтар.

Маңызды сызықтық инфрақұрылымы бар портфельдік компаниялардың биоалуантүрлілікке теріс әсерінің негізгі аспектілері:

- тұяқты сүтқорентілердің көші-қон жолдарына темір жолдарға, жасанды қоршауларға, үйінді бөгеттерге, жүрдек автомобиль жолдарына кедергі жасау;
- темір жолдарда және автомобиль жолдарында жануарлардың өлімі;
- орташа қуатты электр беру әуе желілерінде және жұмыс кернеуіндегі қосалқы станциялар жабдықтарында электр тогының соғуынан құстардың өлімі;
- электр берудің әуе желілерімен соқтығысудан, сондай-ақ осы желілердегі сервистік жұмыстар барысында құстардың өлімі.

Қордың портфельдік компаниялары аталған тәуекелдерді таниды және оларды барынша азайтуға бағытталған іс-шараларды іске асырады.

Мысалы, әуе желілерінде электр тогының соғуынан құстардың өлімін азайту үшін портфельдік компаниялар құс қорғаныш құрылғыларын орнату бойынша жұмыстар жүргізуде, сондай-ақ өзін көтеретін оқшауланған сыммен (ӨҚОС-З) орындалған әуе желілеріне түйреуіш оқшаулағыштары бар 6-10 кВ әуе желілерін жоспарлы қайта жарақтандыру жүргізілуде.

Сондай-ақ 2022 жылы Қордың ғылыми-техникалық кеңесі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-ның – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ кәсіпорындарында құстарды электр беру желілерінің әсерінен қорғау бойынша кешенді зерттеулер жүргізу» ғылыми-зерттеу жобасын мақұлдады. Бұл жоба әуе желілерінде құстардың өлімін азайтуға бағытталған Қор компаниялары тобындағы алғашқы ғылыми жоба болды.

## Мұнай және газ өндіру кен орындары

Қор тобының жекелеген санатын мұнай-газ өндіруші кәсіпорындар, сондай-ақ оларға сервистік қызмет көрсететін кәсіпорындар құрайды. Қордың тобына кіретін мұнай-газ өндіруші компаниялар стационарлық және негізінен Қазақстанның батыс облыстарында, шөлді және шөлейт биотоптарда орналасқан. Жекелеген кен орындары Каспий теңізінің акваториясында орналасқан және биоалуантүрлілік үшін тәуекелдердің ерекше тобын білдіреді.

Осылайша, Солтүстік Каспийдің шығыс бөлігінің акваториясы өзінің сулы-батпақты жерлерімен және Еділ (Қазақстан Республикасының шегінде), Орал және Ембі өзендерінің атырауларымен, сондай-ақ теңіздің іргелес жағалауы мен акваториясы Еуразия құрлығындағы аса маңызды алқаптар болып табылады және Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағына кіреді. Бұл жерлер ұя салу,

балқыту, маусымдық көші-қон және қыстау кезеңінде миллиондаған суда жүзетін және су маңындағы құстардың болуын қамтамасыз етеді. Солтүстік Каспий арқылы Еуразиядағы ең ірі, Сібір-Қара теңіз-Жерорта теңізінің ұшу жолы өтеді.

Мұнай және газ өндіруші компаниялардың биоалуантүрлілікке теріс әсерінің негізгі аспектілері:

- каспий итбалықтары үшін алаңдаушылық факторы;
- құстар мен итбалықтардың мұнаймен және мұнай өнімдерімен механикалық ластануы;
- Каспий теңізіне улы заттардың авариялық/ рұқсатсыз шығарылуы нәтижесінде ихтиофауна мен итбалықтарға зиян келтіру;
- мұнай көмірсутектерінің ашық булану өрістеріндегі уытты әсері;
- булану өрістеріне қонатын су маңындағы құстардың өлімі;
- әуе желілерінде және жұмыс кернеуіндегі қосалқы станциялардың жабдықтарында электр тогының соғуынан құстардың өлімі;
- жаңа ұңғымалар мен ілеспе инфрақұрылымды орналастыру кезіндегі алаңдаушылық факторы;
- коммерциялық жолдар желісінің кеңейуі нәтижесінде өсімдіктер қауымдастығының деградациясы.

Биоалуантүрлілік үшін тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған іс-шаралардан басқа, Қор тобы келтірілген залалды өтеу мақсатында өтемақы іс-шараларын да іске асырады. Осылайша «Жеңіс Оперейтинг» ЖШС сервистік компаниясы «Атырау бекіре балық өсіру зауыты» РМҚН-мен бірлесіп 2022 жылы оларды кейіннен Жайық өзеніне шығарумен 1 406,2 мың теңге сомасына 28 123 дана көлемінде 1,5 гр аспалы бекіре балықтарының өсіру бойынша жұмыстар жүргізді.



## Тау-кен кәсіпорындары

Қордың тобына тау-кен секторының кәсіпорындары кіреді. Оларға «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ және «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның өндіру кәсіпорындары кіреді.

Қызылорда, Түркістан, Жамбыл және Ақмола облыстарындағы бірнеше уран өндіруші кәсіпорындардың акционері, сондай-ақ әуе желілерінің ұзақтығы едәуір энергия беруші компания – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ 2022 жылы оның аясында мерзімді ғылыми-зерттеу биоалуантүрлілікке әсерін бағалау жұмыстары қарастырылған экологиялық және әлеуметтік салалардағы іс-қимыл жоспарын (ESAP) іске асырудың жол картасын іске асыруды жалғастырды.

Тау-кен жұмыстарын жүргізу технологиясы (ашық және жабық тау-кен жұмыстары кезінде, сондай-ақ жерасты ұңғымаларын шаймалау кезінде) қолданыстағы эконәтижеге теріс әсер ету қаупінің болуын болжайды. Теріс әсердің негізгі аспектілерінің ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- жарылыс және бұрғылау жұмыстарынан, жарық шуынан және т. б. алаңдаушылық факторы;
- қолданыстағы өсімдіктер қауымдастығына тікелей зиян;
- рұқсат етілмеген және авариялық төгінділер, шаймалау және өнімді ерітінділердің төгілуі;
- кәсіптік маңызы бар жолдарда жануарлардың өлімі;
- орташа қуатты әуе желілерінде және жұмыс кернеуіндегі қосалқы станциялардың жабдықтарында электр тогының соғуынан құстардың өлімі;
- жаңа ұңғымалар мен ілеспе инфрақұрылымды орналастыру кезіндегі алаңдаушылық факторы;
- кәсіптік жолдар желісінің кеңеюі нәтижесінде өсімдіктер қауымдастығының деградациясы.

## Электр энергиясын өндіру

«Самұрық-Энерго» АҚ энергетикалық компаниялар тобына иелік етеді, олардың басым бөлігін электр энергиясын өндіретін компаниялар құрайды. Портфельдік компаниялардың кейбір электр станциялары биоалуантүрлілікті сақтау үшін маңызды аумақтарға жақын орналасқан.

Биоалуантүрлілік мәселелеріне гидроэлектростанциялар, электр желісі компаниясы, сондай-ақ жел электр станциялары үлкен әсер етуі мүмкін. Бұл көбінесе электр станцияларының орналасуының климаттық және физикалық ерекшеліктеріне, сондай-ақ олардың функционалдық рөліне байланысты. Мысалы, гидроэлектростанциялар таулы өзендердің жоғарғы ағысында немесе су қоймаларының бөгеттерінде орналасады, мұнда су өсімдіктері мен жануарларының да, құрлықтың да биологиялық түрлерінің алуан түрлілігі өте бай. Сонымен қатар, бөгеттегі су деңгейін реттеу, егер контр реттеушінің сыйымдылығы өзеннің төменгі ағысындағы тұрақты деңгейін ұстап тұру үшін жеткіліксіз болса, өзеннің төменгі ағысындағы деңгейін мезгіл-мезгіл қайта қарауды қамтиды. Жел электр станцияларының жел жүктемесі жоғары жерлерде орналасуы кейбір жағдайларда құстардың қоныс аударуымен сәйкес келеді.

Гидроэлектростанциялар мен жел электр станцияларының биоалуантүрлілікке теріс әсерінің негізгі аспектілері:

- өзендердегі және/немесе басқа су айдындарындағы су деңгейінің айтарлықтай өзгеруі кезінде ихтиофаунаның (уылдырықтың), су омыртқасыздарының, су өсімдіктерінің, кейбір суда жүзетін және су маңындағы құстардың өлімі;

- жел электр станцияларының турбиналарымен соқтығысудан құстардың өлімі;
- орташа қуатты әуе желілерінде және жұмыс кернеуіндегі қосалқы станциялардың жабдықтарында электр тогының соғуынан құстардың өлімі;
- әуе желілерімен соқтығысудан, сондай-ақ әуе желілеріндегі сервистік жұмыстар барысында құстардың өлімі.

## Басқа да қызмет түрлері

Қордың компаниялар тобында қазіргі уақытта биоалуантүрлілікке әсері бағаланбаған көлік, құрылыс және сервистік бағыттағы басқа да компаниялар бар.

## Дамудың одан арғы бағыттары:

- Ірі портфельдік компанияларда («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Самұрық Энерго» АҚ, «Тау-Кен Самұрық ҰТК» АҚ) биоалуантүрлілікті зерделеу бойынша кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- Қор деңгейінде биоалуантүрлілікке әсер ету тәуекелдерін басқарудың және ақпаратты ашудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу;
- Қоғамдық растау рәсімін жүргізу;
- Табиғатты қорғау шараларын қаржыландыру (женелеген түрлері бойынша демешілік);
- КЕҰ-ны биоалуантүрлілікті басқару рәсімдерін жақсарту мәселелеріне белсенді тарту.

## БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ЗАРДАП ШЕККЕН АУМАҚТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

### 10-КЕСТЕ. ҚОРДЫҢ ПОРТФЕЛЬДІК КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ЗАРДАП ШЕККЕН НЕМЕСЕ ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН АУМАҚТАРЫ НЕГІЗГІ ОРНИТОЛОГИЯЛЫҚ АУМАҚТАР (ІВА)<sup>20</sup>

№	ІВА	Заңды тұлғаның атауы
1	KZO06	«Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰН АҚ)
2	KZO08	«ҚазТрансОйл» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ)
3	KZO09	«ҚазТрансОйл» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ)
4	KZO10	«Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰН АҚ)
5	KZO11	1. «ҚазТрансОйл» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ) 2. «Исатай Оперейтинг компания» ЖШС («ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ)
6	KZO12	«Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС («Қазақстан темір жолы» ҰН» АҚ)
7	KZO13	«ҚазТрансОйл» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ)
8	KZO16	«ҚазТрансОйл» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ)
9	KZO17	«ҚазТрансОйл» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ)
10	KZO18	«Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰН» АҚ)
11	KZO49	«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ)
12	KZO56	«Ereymentay Wind Power» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ)
13	KZO63	«Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰН» АҚ)
14	KZO65	«Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰН» АҚ)
15	KZO66	«Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰН» АҚ)
16	KZO68	1. «Қаратау» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ) 2. «Уранэнерго» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ)

<sup>20</sup> <http://datazone.birdlife.org/site/mapsearch>.

№	ІВА	Заңды тұлғаның атауы
17	KZO69	1. «Қаратау» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ) 2. «Буденовское» БН» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ) 3. «Уранэнерго» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ) 4. «Русбурмаш-Қазақстан» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ)
18	KZO70	1. «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ) 2. «Ақбастау» БН АҚ («Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ) 3. «Уранэнерго» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ) 4. «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ («Тау-Кен Самұрық» ҰТН» АҚ) 5. «Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰН» АҚ)
19	KZO71	«Шалқия Цинк ЛТД» АҚ («Тау-Кен Самұрық» ҰТН» АҚ)
20	KZO72	1. КАТНО БН ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ) 2. «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ («Тау-Кен Самұрық» ҰТН» АҚ)
21	KZO73	«Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰН» АҚ)
22	KZO76	1. «Шардара СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ) 2. «Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰН» АҚ)
23	KZO84	«EWP» ЖШС, «ПВЭС» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ)
24	KZ103	«Ұ. Д. Қантаев атындағы Мойнақ СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ)
25	KZ105	«Богатырь Көмір» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ)
26	KZ108	1. «Шүлбі СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ) 2. «Қазмырыш» ЖШС («Тау-Кен Самұрық» ҰТН» АҚ)

**11-КЕСТЕ. ҚОРДЫҢ ПОРТФЕЛЬДІК КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ЗАРДАП ШЕККЕН НЕМЕСЕ ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН АУМАҚТАРЫ БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКТІҢ НЕГІЗГІ АУМАҚТАРЫ (КВА)<sup>21</sup>**

№	КВА	Заңды тұлғаның атауы
1	19 944	«Шардара СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ)
2	19 955	1. КАТКО БК ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАН» АҚ) 2. «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ («Тау-Кен Самұрық» ҰТН» АҚ)
3	20 601	«Ұ.Д. Қантаев атындағы Мойнақ СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ)
4	20 927	1. «Өзенмұнайгаз» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ) 2. «Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС («Қазақстан темір жолы» ҰН» АҚ)
5	21 811	«Өзенмұнайгаз» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ)
6	21 947	«Шалқия Цинк ЛТД» АҚ («Тау-Кен Самұрық» ҰТН» АҚ)
7	21 969	«Samruk-Green Energy» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ)
8	21 980	«Ембімұнайгаз» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ)
9	21 986	«EWP» ЖШС, «ПВЭС» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ)
10	22 007	«ҚМГ-Қарашығанақ» ЖШС («ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ)
11	22 284	1. «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАН» АҚ) 2. «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ («Тау-Кен Самұрық» ҰТН» АҚ)
12	46 725	«Ұ.Д. Қантаев атындағы Мойнақ СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ)

**12-КЕСТЕ. ЕҚТА ҚОРЫНЫҢ ПОРТФЕЛЬДІК КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ЗАРДАП ШЕККЕН НЕМЕСЕ ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН АУМАҚТАРЫ**

№	Заңды тұлғаның атауы	ЕҚТА
1	«ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ <sup>22</sup>	1. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағы; 2. Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы; 3. Кеңдерли-Республикалық маңызы бар Наясан қорық аймағы; 4. 8 қорық; 5. 1 аймақтық маңызы бар табиғи парк.
2	«Интергаз Орталық Азия» АҚ («QazaqGaz» ҰН» АҚ) <sup>23</sup>	Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі
3	«Бұхара-Орал» МГ («QazaqGaz» ҰН» АҚ) <sup>24</sup>	Михайловский мемлекеттік табиғи қорығы
4	«Қазақстан-Қытай» МГ («QazaqGaz» ҰН» АҚ)	Оңтүстік Қазақстан қорық аймағы
5	«EWP» ЖШС, «ПВЭС» ЖШС, «Ұ.Д. Қантаев атындағы Мойнақ СЭС» АҚ, («Самұрық-Энерго» АҚ) <sup>25</sup>	1. «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі 2. Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі

<sup>21</sup> <https://www.keybiodiversityareas.org/sites/search>.

<sup>22</sup> According to the annual reports of Portfolio Companies.

<sup>23</sup> According to the annual reports of Portfolio Companies.

<sup>24</sup> According to the annual reports of Portfolio Companies.

<sup>25</sup> According to the survey of Biodiversity Research & Conservation Center (BRCC) Public Fund.



Осы Есепке ақпарат пен фотоматериал ұсынғаны үшін «Биоалуантүрлілікті зерттеу және сақтау орталығы» қоғамдық қорына алғысымызды білдіреміз.

# СУ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ

БҰҰ мәліметтері бойынша, әлем халқының 40%-дан астамы үшін су тапшылығы мәселесі өзекті және болжам бойынша шиеленісе түседі. Қазіргі уақытта 1,7 миллиардтан астам адам өзендердің бассейндерінде тұрады, онда су тұтыну су қорын толықтыру мүмкіндігінен асып түседі.

Біз өз қызметімізде Экологиялық кодексті, Су кодексін, Қазақстан Республикасының Салық кодексін, Қазақстан Республикасының белгіленген санитарлық ережелерін, жалпы корпоративтік саясатты, «ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ су қағидаттарын, Директорлар кеңесі комитеттері деңгейіндегі басқарманы (нейбір портфельдік компанияларда) ұстанамыз. [GRI.303-2](#), [GRI.3-3](#)

2017 жылдан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ-да су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарт енгізілді, ол 8 негізгі «су» қағидатын айқындайды және «ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ-ның су үнемдеу және су тұтыну саласындағы тобына кіретін ұйымдардың қызметіне қойылатын талаптарды белгілейді. «ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ компаниялар тобының су ресурстарын пайдалану бөлігіндегі қызметінің нәтижелері компанияның су ресурстарына жиынтық әсері талданатын корпоративтік орталықта шоғырландырылады. Бұдан басқа, «ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ 2019 жылдан бастап Carbon Disclosure Project су қауіпсіздігі жөніндегі сауалнама шеңберінде су ізі туралы ақпаратты ашады.

2021 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ «Жер асты және жер асты суларына уранның жерасты-ұңғымалық сілтісізденуінің әсерін мониторингтеуді ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар» корпоративтік стандартын бенітті және уран өндіруші кәсіпорындар жер асты суларының мониторингін енгізді және жүзеге асырады. Стандарттық мақсаты – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ уран кен орындарының орналасқан ауданындағы табиғи сулардың жай-күйіне жерасты ұңғымалық сілтісіздендіру тәсілімен уран

өндіру кезеңінде және уран өндіруші кәсіпорындардың осы процесті аяқтауы бойынша мониторинг жүргізуге бірыңғай талаптарды белгілеу.

Су объектілеріне әсерді бақылау үшін біз жер асты және жер үсті су объектілеріне тоқсан сайын мониторинг жүргіземіз. Жер асты сулары үшін бақылау мониторингтік ұңғымалары қолданылады. Біз үнемі алынатын су көлемін азайтуға және жер үсті су объектілері үшін айналымды су пайдалануды ұлғайтуға бағытталған іс-шараларды өткіземіз. Сезімтал су объектілеріне әсер ету мониторингінің нәтижелері тоқсан сайын стейкхолдерлердің назарына жеткізіледі. Портфельдік компаниялардағы су ресурстарын реттеу мәселелерін экология департаменттері үйлестіреді. [GRI.303-3](#)

## СУ АЛУ

2022 жылы Қордың портфельдік компанияларының су тартуы 304 143 Мл (мың м<sup>3</sup>) құрады, бұл Астана қаласының жыл сайынғы суды жинаудан 38,4%-ға артық, [GRI.303-3](#)

Біздің қызметіміз ерекше экологиялық, шаруашылық, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылықты білдіретін Қазақстанның батыс өңірінің су объектілеріне (Орал, Қиғаш өзендері, Нөкжиде құмдары, Пятимарск су қоймасы); Шарын өзені мен Бестөбе су қоймасына («Мойнақ гидроэлектростанциясы» АА), Сырдария өзені мен Шардара су қоймасына, Қ. Сәтбаев атындағы арнаға, Шідерті каналына (үлкен Алматы көлі және Үлкен Алматы өзенінің бассейніне (су электр станцияларының наскады), Қапшағай су қоймасына (Қапшағай су электр станциясы), Шу-Сарысу бассейніне барынша ықпал етеді. [GRI.303-1](#)

2022 жылы Қор компаниялары 205 073 Мл (мың м<sup>3</sup>) тұщы суну алды, бұл жалпы суды жинаудың 67,4%-ын құрайды.

Тұзды суды жинау 99 070 Мл (мың м<sup>3</sup>), Қордың жалпы суды жинау көлемінің 32,3% құрайды.

2022 жылы мұнай мен газды өндіру, өңдеу мақсатында 83 707 Мл (мың м<sup>3</sup>) алынды, бұл 2021 жылғы деңгейден 0,8%-ға аз (мың м<sup>3</sup>).

Уран өндіру және қайта өңдеу секторындағы суды жинаудың жалпы көлемі 9 188,9 Мл (мың м<sup>3</sup>) құрады, бұл қордың портфельдік компанияларының суды жинаудың жалпы көлемінде 3%-дан аспайды.

Суды жинаудың негізгі көлемі жерасты су объектілері есебінен қамтамасыз етіледі (93,3%).

2022 жылы жылу және электр энергиясын өндіру секторы 211 247 Мл (мың м<sup>3</sup>) алды, бұл 2021 жылы суды жинау көлемінен 133 Мл (мың м<sup>3</sup>) аз.

## СУДЫ ТҰТЫНУ

Қор су ресурстарының ауқымды тұтынушысы болып табылады. 2022 жылы су тұтынудың жалпы көлемі 304 143 Мл (мың м<sup>3</sup>) құрады. [GRI.303-5](#)

Қордың технологиялық үдерістерінде су ресурстарын тұтынушы ең маңызды секторлар: электр энергиясын өндіру (Қордың жалпы су тұтынушының 58,8%; «Самұрық-Энерго» АҚ), мұнай мен газды өндіру және өңдеу (17,1%; «ҚазМұнайГаз» ҰН» АҚ), жылу энергиясын өндіру (18,6%; «Самұрық-Энерго» АҚ), уранды өндіру және өңдеу (2,8%-дан аспайды; «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ). Осы есептің мақсаты үшін Қор тобының басқа секторларының суды (2,7%), сондай-ақ шаруашылық-тұрмыстық мақсаттар үшін су ресурстарын тұтынуы елеусіз. [GRI.303-5](#)

2022 жылы жылу және электр энергиясын өндіру мақсатында 211 247 мл (мың м³) су тұтынылды, бұл қордың жалпы су тұтынуының 69,5%-ын құрайды. Жылу және электр энергиясын өндіру секторының су тұтынуы 2021 жылмен салыстырғанда 133 Мл (мың м³) қысқарды.

2022 жылы мұнай мен газды өндіру және қайта өңдеу секторының портфельдік компаниялары бойынша су тұтыну 83 707 Мл (мың м³) құрады, бұл қордың жалпы су тұтынуының 27,5%-ын құрайды.

2022 жылы уран өндіру және өңдеу секторы 9 188,9 Мл (мың м³) тұтынды, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 9,2%-ға артық. 2022 жылы суды тұтынудың төмендеуі уран өндірісінің ұлғаюымен байланысты.

## СУДЫ БҰРУ

2022 жылы 87 926 Мл (мың м³) бөлінді, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 1,1%-ға аз. Осы көлемнен 83 569 Мл (мың м³) жасанды жер үсті объектілеріне жіберілді (сүзу алаңдары, жинақтаушы тоған, буландырғыш тоған және т. б.) 941 Мл (мың м³) бөгде ұйымдарға берілді. Су бұру буландырғыш тоғандарға жүзеге асырылады; Қор ластанған сарқынды суларды су айдындарына ағызуды жүзеге асырмайды. Экологиялық заңнамада белгіленген бөлінген су сапасының нормативтеріне ағынды суларды тазартудың механикалық және биологиялық әдістерін қолдану арқылы қол жеткізіледі. [GRI 303-4](#)

